

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі қызметтердің (сүңгуірлік қызмет жөніндегі) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2024 жылғы 17 желтоқсандағы № 1457 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже 15-тармағының 273) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі қызметтердің жұмысын (сүңгуірлік қызмет жөніндегі) ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштері бас қолбасшысының басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 472 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіні жүргізу қағидалары 10-тармағының талаптарына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33059 болып тіркелген) қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі қызметтердің (сүңгуірлік қызмет жөніндегі) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі қызметтердің (сүңгуірлік қызмет жөніндегі) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) сүңгуірлік іс, сүңгуірлік түсу мен жұмысты ұйымдастыру қызметінің жұмысын ұйымдастыруды, сүңгуірлік түсумен жұмысты ұйымдастыруға қойылатын жалпы қауіпсіздік талаптарын, сүңгуірлік жарақты және техникалық құралдарды күтіп-ұстауды, қызмет көрсетуді, қауіпсіздік шараларын нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) авариялық сүңгуір – суға түсу (көтерілу) немесе тереңдікте су астында жұмыс істеу кезеңінде оның денсаулығына немесе өміріне тікелей қауіп төндіретін және оған түсуді немесе жұмысты жалғастыруға немесе жер бетіне (корабль бортына) қалыпты көтерілуді немесе сүңгуір қоңырауына (суға шығуға арналған құрылғы) оралуға мүмкіндік бермейтін жағдайда қалған сүңгуір;

2) арнайы сүңгуірлік жұмыс – ғылыми зерттеуді, техниканың жаңа үлгісін сынауды қамтамасыз етіп, арнайы мақсаттағы сүңгуірлік техниканы пайдаланып, сүңгуірлік іздеумен, оқ-дәрілердің және жарылу қаупі бар заттардың әртүрін көтерумен және жоюмен байланысты жұмыс;

3) барокамера – газ немесе су ортасының артық ішкі қысымы жағдайында сүңгуірдің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге және сүңгуірді түсірудің қабылданған технологиясына сәйкес жұмысқа, сондай-ақ кәсіптік сүңгуірлікауруды емдеуге арналған берік герметикалық сыйымдылық. Сүңгуір барокамерасына: декомпрессиялық, ағынды-декомпрессиялық, ұзақ уақыт болу, жеткізу (тасымалданатын), құтқару, зерттеу, гидробаро және эвакуациялық камера жатады;

4) декомпрессия – сүңгуір барокамерасындағы қысымды төмендету немесе дене тінін индифферентті газдан қанықтыру үшін сүңгуірді тереңдіктен көтеру процесі. Декомпрессия әртүрлі тереңдікте қысымның төмендеу жылдамдығын (тереңдіктен көтерілу жылдамдығын), аялдау саны мен тереңдігін, аялдауда ұстау уақытын, газ қоспасын (газды) пайдалану тәртібін және сүңгуірдің тыныс алу уақытын қамтитын режим бойынша жүргізіледі;

5) емдік рекомпрессия – кәсіби сүңгуірлікауруды емдеу мақсатында сүңгуірді қайта қысу және декомпрессиялау процесі;

6) жұмыс түсуі – сүңгуірлік жұмысты орындау, кәсіби дағдыны сақтау және жетілдіру үшін су астына түсу, сондай-ақ сүңгуірлік істі оқыту кезінде оқу процесін қамтамасыз ету үшін сүңгуірге түсу;

7) жұмыс істейтін сүңгуір – осы сүңгуірде жұмысты (тапсырманы) тікелей орындайтын сүңгуір;

8) жүзу құралы – өздігінен жүретін немесе өздігінен жүрмейтін жүзбелі құрылыс;

9) кеме көтеру сүңгуірлік жұмыс – сүңгуір суға батқан объектіні тексеру, көтерілуге дайындық кезінде, көтерілген объектіні (корабльді, техниканы) жүзуге (таяз, жағалау) көтеру және қою кезінде орындайтын жұмыс;

10) жаттығып су астына түсу – сүңгуірді оқытып-үйрету немесе қайта даярлау кезінде сүңгуірдің біліктілігін алу үшін жаттығып даярлау немесе қайта даярлау бағдарламалары бойынша су астына түсу;

11) қамтамасыз етуші сүңгуір – су астына түсудің барлық кезеңінде жұмыс істейтін сүңгуірге тікелей қызмет көрсететін сүңгуір. Су астына түсу кезеңінде жұмыс істеп тұрған сүңгуірдің дабыл ұшын (кабель-дабыл) және сүңгуір шлангісінбосатады немесе жинайды, сүңгуірдің су астындағы орнын бақылайды;

12) сақтандырушы сүңгуір – жұмыс істеудегі сүңгуірдің түсуге әзір күйде түсетін жерінде болатын және авариялық сүңгуірге көмек көрсететін сүңгуір. Түсу кезеңінде жұмыс істеудегі сүңгуірмен сөйлесу байланысын қамтамасыз етеді және оған ауа жіберуді реттейді;

13) суасты-техникалықсүңгуірлік жұмыс – сүңгуір гидротехникалық және басқа да суасты құрылысын тексеру, салу және оларға қызмет көрсету, акватория түбін тексеру және тазалау, топырақтан заттарды көтеру кезінде орындайтын жұмыс;

14) сүңгуір – сүңгуірлік жарақта су астында орындай алатын және сүңгуірлік түсуді жасауға жіберілген маман. Сүңгуір кәсіби ерекше зиянды және ерекше ауыр еңбек жағдайы бар кәсіптер қатарына жатады;

15) сүңгуірлік баспалдақ – сүңгуірдің суға өздігінен түсуіне және оны судан көтеруге арналған баспалдақ;

16) сүңгуірлік бекет – корабльде, жағалауда, айлақта (пирсте), мұзда сүңгуірдің түсуін қамтамасыз етудің тұрақты немесе уақытша құралымен жабдықталған, сүңгуірдің киінуіне (шешінуіне) және сүңгуірлік мүлікті орналастыруға арналған орны (үй-жайы) бар сүңгуірдің түсу орны;

17) сүңгуірдің біліктілігі – сүңгуірдің су астына түсуге және жұмыс істеуге дайындық дәрежесі;

18) сүңгуірлік жабдық – сүңгуірге тағылатын және бекітілетін, оның қоршаған су және газ ортасының қысымымен тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін құрылғы мен бұйым жиынтығы. Сүңгуірлікжабдықсүңгуірлік техниканың ажырамас бөлігі болып табылады;

19) сүңгуірлік жұмыс – сүңгуірдің еңбегін пайдаланып, су астында орындалатын жұмыс. Құтқару, корабльдік, суасты-техникалық, кеме көтергіш және арнайы болып бөлінеді;

20) сүңгуірлік жұмыс журналы – сүңгуір орындайтын су астына түсуді және суасты жұмысын тіркеуге арналған құжат. Журналдағы жазба сүңгуірлік жұмысты есепке алуға және сүңгуірдің жеке кітаптарын толтыруға қажет;

21) сүңгуір кешені – сүңгуірлік түсуді және берілген тереңдікте жұмысты қамтамасыз ету үшін конструктивті түрде біріктірілген сүңгуірлік техника жиынтығы;

22) сүңгуір күркесі – сүңгуірді су астына түсіру кезінде орналастыруға, суасты жұмысын орындауға және түсіру-көтеру құрылғысының көмегімен су бетіне көтеруге арналған конструкция;

23) сүңгуірдің кітапшасы – сүңгуірдің практикалық қызметін, оны мамандығы бойынша даярлау мен қайта даярлауды, біліктілігін, сүңгудің белгіленген тереңдігін, орындалатын сүңгуір жұмысының сипатын, сағат санын және басқа да қосымша мәліметті қамтитын құжат;

24) сүңгуірлік қоңырау – сүңгуірді тереңдікке, жұмыс объектісіне және қайтадан су бетіне жеткізуге арналған, кейіннен оларды сүңгуір барокамерасына ауыстыруға арналған берік герметикалық сыйымдылық. Сүңгуір қоңырауының негізгі элементтері сүңгуірлік барокамераның элементтеріне ұқсас болады;

25) сүңгуірлік құтқару жұмысы – сүңгуір авариялық корабль мен олардың жеке құрамына, тозған ұшу аппаратына көмек көрсету кезінде және адамдарды суда құтқару кезінде орындайтын жұмыс;

26) сүңгуірді медициналық тексеру – сүңгуірдің су астына түсу алдындағы және одан кейінгі денсаулық жағдайын анықтау жөніндегі іс-шаралар кешені;

27) сүңгуірлік мүлік – сүңгуірлік түсуге және сүңгуірлік техниканы қолдануға берілген әзірлікте ұстауға арналған сүңгуірлік техника бұйымының, өлшеу аспабы мен шығыс материалының жиынтық атауы;

28) сүңгуірлік станция – жұмысты орындаумен су астына түсу, су астында болу және сүңгуірді көтеру үшін қажетті сүңгуірлік жабдық пен қамтамасыз ету құралының жиынтығы. Сүңгуірлік жұмыс кезінде сүңгуірлік станция деп білікті сүңгуірмен жасақталған және сүңгуірлік техникамен жабдықталған сүңгуірлік бөлімше түсініледі. Станциядағы сүңгуір саны су астына түсу тереңдігіне байланысты;

29) сүңгуірлік техника – сүңгуірлік түсуді, су астындағы сүңгуірдің жұмысын және оларды су бетіне көтеруді қамтамасыз етуге, сондай-ақ газ ортасының жоғары қысымы жағдайында сүңгуірдің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге арналған сүңгуірлік жабдықтың, техникалық құрал мен мүліктің жалпы атауы;

30) сүңгуірлік түсу – сүңгуірдің су астына түсуін (ішінде сүңгуір болғанда барокамерада газдалған ортаның қысымын жоғарылату процесі), сүңгуірдің берілген тереңдікте болуы (барокамерада газдалған ортаның берілген қысымында),

декомпрессия режимі бойынша немесе онсыз жоғарыға көтерілуін немесе қалыпты ауа жағдайына ауысуды қамтамасыз ететін процесс;

31) сүңгуірлік түсу мен жұмысты қамтамасыз ету құралы –сүңгуірдің су түбіне түсуін (судан шығуын), тереңдікте болуын және онда жұмыс істеуін, тереңдіктен көтерілуін және суда немесе су үстінде декомпрессияны қамтамасыз ететін сүңгуір техникасының құрамдас бөлігі;

32) сүңгуірлік түсуді медициналық қамтамасыз ету – сүңгуірлік түсу үдерісінде сүңгуірдің денсаулығы мен жұмыс қабілетін сақтауға бағытталған медициналық іс-шара кешені;

33) сүңгуірлік іс – адамныңсүңгуірлікжабдықта су астына түсуімен байланысты ғылыми және практикалық қызмет саласы. Сүңгуірлік іс бойынша дайындық сүңгуір техникасының құрылымы мен пайдалану қағидаларын, сүңгуірлік жұмысты ұйымдастыру мен технологиясын, оларды орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасының талаптарын, сүңгуірлер мен сүңгуірлік түсуді медициналық қамтамасыз ету талаптарын зерделеуді, сондай-ақ сүңгуірліккерек-жарақта су астында түсу мен жұмыс істеуге оқытып-үйретуді қамтиды;

34) сүңгуірлікшланг – сүңгуірге сығылған ауаны, тыныс алу газын немесе ыстық суды жеткізуге күшейтілген қоспасы бар резеңке немесе синтетикалық түтік;

35) тыныс алатын газ қоспасы – су астына түскенде және сүңгуір барокамерасында сүңгуірдің тыныс алуы үшін қолданылатын ауа және жасанды түрде дайындалған газ қоспасы. Газ қоспасының құрамына оттегі және бір немесе бірнеше индифферентті газ (азот, гелий, аргон) кіреді. Қоспаның атауы оттегінің пайыздық мөлшерінен басталады. Мысалы, алты пайыздық оттегі-гелий қоспасы 6 пайыз оттегі мен 94 пайыз гелийден тұрады. Егер қоспа құрамына екеуден астам газ түссе, оның атауы газдың пайыздық мөлшерінің өсу ретімен жасалады, цифрмен тек оттегінің пайыздық мөлшері көрсетіледі.

2-тарау. Сүңгуірлік іс бойынша даярлықты ұйымдастыру

1-параграф. Сүңгуірлік іске даярлау

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) әскери қызметшілерін сүңгуірлік іс бойынша даярлау кейіннен біліктілікті арттыру және тиісті сүңгуірлік-біліктілік комиссиясы (бұдан әрі – СБК) жанынан біліктілікті арттыру және қосымша біліктілік алу үшін қайта даярлауменкәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға бағытталған.

2-параграф. Сүңгуір біліктілігі

4. Штаттық сүңгуір лауазымында әскери қызмет өткеретін ҚР ҚКәскери қызметшілері (олардың атауында штатта "сүңгуір", "жауынгерлік жүзгіш", "сүңгуір

маманы" деген сөздер бар немесе олардың штаттық әскери-есептік мамандығы есептік мамандықтың тиісті тізбесінде: "сүңгуір", "сүңгуірлік жұмыс", "сүңгуірлік терең су жұмысы", "суасты мина қою", "су астындағы жару жұмысы" деген сөздерді пайдаланумен айқындалған) штаттық сүңгуір болып табылады.

Су астына түсуді немесе сүңгуір барокамерасында жоғары қысымда болумен байланысты жұмысты орындауды негізгі (сүңгуірлік емес) лауазым бойынша әрекет етумен ұштастыратын ҚР ҚК әскери қызметшілері штаттан тыс сүңгуір болып табылады.

5. Сүңгуірді анағұрлым жоғары біліктілікке ұсынуға даярлау осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сүңгуір біліктілігін беру үшін біліктілік талаптары бойынша жүзеге асырылады.

6. Сүңгуірдің берілген біліктілігін куәландыратын құжат осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес "Сүңгуір кітапшасы" болып табылады.

3-тарау. Сүңгуірлік түсуді және жұмысты ұйымдастыру

1-параграф. Сүңгуірлік түсуді және жұмысты жоспарлау

7. Сүңгуірлік түсу корабльді, бөлімді (құраманы) жауынгерлік даярлаудың тәуліктік, апталық және айлық жоспарларында жоспарланады. Жауынгерлік даярлықтың тәуліктік жоспарында жұмыс орны, тереңдігі, уақыты мен мақсаты, сүңгуірлік жұмыстың жетекшісі, су астына түсу командирі, сондай-ақ сүңгуірлік түсуді медициналық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жауапты адамдар көрсетіледі.

8. 20 метрден астам тереңдікке сүңгуірлік түсуге, оларды жауынгерлік даярлықтың тәуліктік жоспарына енгізуден басқа, осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сүңгуірлік түсу жоспары жасалады. Жоспар сүңгуірлік жұмыс жетекшісімен бірлесіп жасалады және оған сүңгуірлік түсу командирі қол қояды, бөлім командирі (бастығы) бекітеді.

Сүңгуірлік түсу жоспары оларды корабльден, бөлімнен (құрамадан) тыс немесе лауазымды адамдардың бұйрығы бойынша орындағанда төмен тереңдікке түсу үшін де жасалады.

9. Төтенше жағдайда (төзімділік үшін күрес, құтқару жұмысы) корабльден 60 метр тереңдікке дейін сүңгуірлік түсу жоспарын жасамай орындалуы мүмкін, ол туралы корабльдің вахта журналына жазба жасалады.

Жоспарланбаған сүңгуірлік түсу және жұмыс (төзімділік үшін күрес, корабльдің (корабльдің) немесе катердің түбін қарау, құтқару жұмысы, түбін тексеру кезінде) бөлім командирінің (бастығының) бұйырымы бойынша жүргізіледі.

Алынған бұйрық туралы қойылған міндеттерді, әскери атағын, сүңгуірлік түсуге (жұмысқа) бұйрық берген адамның тегі мен лауазымын көрсетіп, вахталық журналға (

бөлім бойынша кезекшінің журналына) оның қолы қойылып жазылады, сондай-ақ құраманың жедел кезекшісіне баяндау жасалады.

10. Сүңгуірлік жұмысқа басшылық жасау және сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ету үшін бөлім командирінің (бастығының) бұйрығымен сүңгуірлік жұмыс жетекшісі, су астына түсу командирі және медициналық білімі бар әскери қызметші тағайындалады.

11. Сүңгуірлік жұмысқа басшылық жасауды:

1) бөлім (құрама) командирлері және орынбасарлары штаттық сүңгуір жұмысты барлық тереңдікте орындағанда, сондай-ақ жаттығып суға түскенде;

2) сүңгуір кешенімен жабдықталған корабль (кеме) командирлері (капитандары), командир (капитан) көмекшілері сүңгуір кешенінің техникалық сипаттамасына сәйкес тереңдікте оларға бағынысты штаттық сүңгуір жұмысты орындағанда, сондай-ақ жаттығып суға түскенде;

3) корабль (кеме) командирлері (капитандары), командир (капитан) көмекшілері оларға бағынысты штаттан тыс сүңгуір жұмысты 20 метр тереңдікте орындағанда;

4) полигон, оқу-жаттығу кешені (станция) бастықтары және орынбасарлары 60 метрге дейінгі тереңдікте сүңгуірлік жұмыс кезінде және жаттығып суға түскенде сүңгуірлік жұмыста;

5) сүңгуір маман сүңгуірлік жұмысты айлақтан, жағалаудан немесе мұздан 60 метрге дейінгі тереңдікте жүргізгенде жүзеге асырады.

Бөлімнен тыс жерде 60 метрге дейінгі тереңдіктегі сүңгуірлік жұмысқа басшылық жасауға сүңгуірлік жұмысқа басшылық жасауға жіберілген тиісті СБК-сы бар лауазымды адамдар тағайындалады.

Сүңгуірдің (сүңгірулік біліктілігі бар әскери қызметшінің) даярлық деңгейін, біліктілік талаптарына сәйкестігін, сүңгірулік жұмысқа басшылық жасауға, сүңгірулік түсуге команда беруге даярлығын және олардың медициналық қамтамасыз етілуін тексеруді және жіберуді жыл сайын сүңгуірлік біліктілік комиссиясы:

су астына түсуге жіберуге сынақ тапсырған кезінде;

су астына түсуге команда беруге жіберуге және олардың медициналық қамтамасыз етілуіне сынақ тапсырған кезінде;

сүңгуір біліктілігін беруге (растауға) емтихан тапсырған кезінде;

сыныптық біліктілікті беруге (растауға) емтихан тапсырған кезінде жүргізеді.

Әскери бөлім сүңгуірлік біліктілік комиссиясының сүңгуірлік жұмысқа басшылық жасауға, сүңгуірлік түсуге команда беруге жіберуге, су астына түсуге және сүңгуірлік түсуді медициналық қамтамасыз етуге шешімі осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Емтихан нәтижесі және тиісті СБК қабылданған шешімі осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери бөлім сүңгуірлік біліктілік комиссиясының хаттамасымен ресімделеді.

СБК төрағасы болып комиссия тағайындалатын әскери бөлімінің штаб бастығы тағайындалады.

Командирлер, корабль (кеме) командирлерінің көмекшілері жыл сайын СБК құрамасының сүңгуірлік жұмысына басшылық жасау құқығына сынақтан өтеді.

Құрамында жасақталған сүңгуірлік кешен бар бөлім (құрама) командирлері мен командир орынбасарлары жыл сайын сүңгуірлік жұмысқа басшылық жасау құқығына СБК сынағын тапсырады.

Сүңгуір жұмысының тұрақты әрекет ететін басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери-теңіз күштері бас қолбасшысы басқармасының флагмандық маманы (сүңгуірлік және іздеу-құтқару жұмысы жөніндегі) саналады.

12. Су астына түсуді медициналық қамтамасыз ететін және арнайы медициналық білімі бар әскери дәрігер:

1) су астына түсуге тағайындалған сүңгуірді медициналық қарап-тексеруден өткізуге;

2) тыныс алу газ қоспасын дайындаудың дұрыстығын қарап-тексеруге;

3) ауаны, тыныс алатын газ қоспасын, регенеративті және сіңіргіш заттарды талдап-тексеруге, олардың пайдалануға жарамдылығы туралы қорытынды беруге;

4) сүңгуірлік жабдықты, қатты сүңгуірлік құрылғы мен барокамераны дайындау мен пайдалануды санитариялық-гигиеналық бақылауға;

5) декомпрессияның оттегі сатысын қамтамасыз етуге арналған тыныс алу аппаратын пайдалануға әзірлігін қарап-тексеруге, сүңгуірге медициналық көмек көрсету құралын жеке өзі дайындауға;

6) суасты жұмысы кезеңінде сүңгуірдің өзін сезінуін қарап-тексеруге;

7) сүңгуір үшін декомпрессия режимін уақтылы таңдауға, оның дұрыс жүргізілуін қарауға, сүңгуірге медициналық көмек көрсетуге және сүңгуірлі қауру мен жарақат кезінде олардың емделуіне (қажет болғанда барокамерада жеке көмек көрсетуге) басшылық жасауға;

8) сүңгуірдің белгіленген еңбек және демалыс режимін қарауға;

9) кәсіптік сүңгуірлі қаурудың есептілігі мен есебін жүргізуге жіберіледі.

13. Түсуді медициналық қамтамасыз етуге жіберілетін әскери дәрігер:

1) сүңгуірдің түсу алдында денсаулық жағдайына шағымына сауалнама жүргізеді;

2) тыныс алу үшін пайдаланылатын ауаның, тыныс алу газ қоспасының, регенеративті және сіңіргіш заттардың сәйкестігін тексереді;

3) суасты жұмысы кезеңінде сүңгуірдің өзін сезінуін қарап-тексереді;

4) декомпрессияның оттегі сатысын қамтамасыз етуге арналған тыныс алу аппаратының пайдалануға әзірлігін қарап-тексереді;

5) сүңгуір үшін декомпрессия режимін уақтылы таңдауға, декомпрессия дұрыстығын қарауға, сүңгуірге алғашқы медициналық көмек көрсетуге және арнайы

медициналық білімі бар дәрігер келгенге дейін сүңгуірлік ауру мен жарақат кезінде оларды емдеуге басшылық жасайды.

2-параграф. Сүңгуірлік жабдықты және сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ету құралын дайындау және тексеру

14. Сүңгуірге түсуге дайындық сүңгуір бекетінің жабдығын (түсу орнын) дайындауды, сүңгуірлік жабдық пен қамтамасыз ету құралын дайындауды және жұмыс арқылы тексеруді, сүңгуір, сондай-ақ түсуге қызмет көрсететін адамдар арасында міндеттерді бөлуді және оларға нұсқау беруді қамтиды.

Сүңгуірлік жабдықты және қамтамасыз ету құралын тексермей, сүңгуірді түсіруге жол берілмейді.

15. Сүңгуірлік жабдықтың (тыныс алу аппаратын) қолданысын тексеру сүңгуірлік аппаратты пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

Әрбір су астына түсу алдында өзінің құрал-жабдығын тексеруді жеке су астына түсуші және сақтандырушы сүңгуір жүргізеді.

Қолданысын тексеру нәтижесі су астына түсу командиріне баяндалады, сүңгуірлік жұмыс журналына енгізіледі және тексеруді жүргізген адам қол қояды.

Егер сақтандырушы сүңгуір күні бойы ауыстырылмаса, жұмыс күнінің басында бір рет тексеру жүргізілуі мүмкін.

16. Қолданысын тексеру кезінде табылған сүңгуірлік жабдықтың ақауы сүңгуірлік түсу басталғанға дейін жойылады. Сүңгуірлік жабдықтың анықталған ақауы және оларды жою бойынша қабылданған шаралар туралы жабдықтың (тыныс алу аппаратының) формулярына жазба жасалады. Ақауы бар жабдықпен түсуге жол берілмейді.

17. Сүңгуірлік түсу басталғанға дейін сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ету құралы, құрал-сайман, материал дайындалып, тексерілуі, баллондағы ауаның, газдың, тыныс алу газ қоспасының қоры мен сапасы және олардың дұрыс қосылуы қамтамасыз ету құралы, құрал-сайман, материал дайындалып, тексерілуі, баллондағы ауаның, газдың, тыныс алу газ қоспасы

18. Сүңгуірдің тыныс алуы үшін пайдаланылатын ауада шекті жол берілген концентрациядан жоғары зиянды заттар болмауға тиіс.

Сүңгуірдің тыныс алуына ауаның жарамдылығы туралы қорытындыны корабльдің, бөлімнің (құраманың) дәрігері береді.

Регенеративті заттардың, химиялық сіңіргіштің және тыныс алатын газ қоспасының жарамдылығы туралы қорытындыны сүңгуірдің түсуін медициналық қамтамасыз ететіні астам береді.

19. Түсу-көтеру құрылғысы (кран-арқалық, жебе, ферма және түсу-көтеружүкшығыры) сүңгуірлік түсу басталар алдында және су астына түсуде 8 сағаттан астам үзілістен кейін – сүңгуірлік күркені, сүңгуірлік қоңырауды, қатты

сүңгуірлік құрылғыны алда болатынсу астына түсу тереңдігіне бақылау түсірумен (сүңгуірсіз) іс-қимылда тексерілуге тиіс.

Сүңгуірлік қоңырау барокамераның қабылдау бөлімімен бірлесіп жұмыс қысымымен герметикалығына тексерілуге, сондай-ақ сүңгуірсіз жоспарланған түсу тереңдігіне түсірілуге тиіс. Су астына түсу арасында 8 сағаттан астам үзіліс болғандасүңгуірлік қоңырауды қайта бақылау түсіру жүргізіледі.

Сүңгуірлік траптың, күркенің, түсіретін және жүргізетінарқанның жарамдылығы сыртқы қарап-тексерумен тексеріледі.

20. Сүңгуір барокамерасын дайындау және тексеру бірінші сүңгуірді (бірінші жұп, сүңгуір үштігі) түсірер алдында тәулігіне бір рет жүргізіледі.

Барокамера магистралындағы магистраль мен клапанның герметикалығы қысыммен (барокамераның жұмыс қысымына тең) оларға ауа жіберу және 5 минут бойы ұстап тұру арқылы тексеріледі (барокамерадағы баллон мен клапан жабық болғанда). Егер осы уақыт ішінде қысым төмендемесе, магистраль мен клапан герметикалы болып саналады.

Кіреберіс люкпен шлюз қақпағындағы резеңке тығыздағыш сапасы қарап-тексеру арқылы тексеріледі, ал жабылу сенімділігі мен герметикалығы – оларды басу құрылғысымен қысу және барокамерада (шлюз құрылғысында) ауамен 0,02 мегапаскальға (0,2 бір шаршы сантиметрге килограмм күш) дейін 5 минут ішінде қысым жасау арқылы тексеріледі.Егер осы уақыт ішінде барокамерада қысым төмендемесе, шығу люгі мен шлюзі жарамды болып саналады.

Барокамера бөлімін дайындау кезінде мыналар:

1) манометрдің жарамдылығы (нұсқардың дұрыс орналасуы, жыл сайынғы тексеру мерзімі, пломбаның болуы, шыныда немесе сақтандырғыш шыныда қорғаныш торының болуы және жарамдылығы, жұмыс қысымын шектегішті циферблатта бояумен немесе манометр корпусына бекітілген нұсқармен белгі түрінде жағудың (орнатудың) болуы және дұрыстығы);

2) байланыс, жарық беру, жылыту құралының жұмысы;

3) аппараттың, ішінара жабық желдету жүйесінің, стационарлық тыныс алу жүйесінің жарамдылығы мен пайдалануға дайындығы;

4) су астына түсу және декомпрессиядан өту үшін қажетті керек-жарақпен және құралмен жабдықталу;

5) баллондағы тыныс алу газ қоспасының болуы, саны және барокамераны газбен жабдықтау жүйесіне баллонның дұрыс қосылуы;

6) ауа қысымын жасау арқылы бөліктің герметикалығы 0,2-0,3 мегапаскаль (бір шаршы сантиметрге 2-3 килограмм күш) және 5 минут ішіндешыдамдылығытексеріледі.Егер осы уақыт ішінде қысым төмендесе, бөлік герметикалы болып саналады.

Сақталатын баллондағы ауаның азаймайтын қоры сүңгуірді емдік рекомпрессия режимі бойынша максималды қысыммен (барокамераның жұмыс қысымы шегінде) емдеу үшін барокамера бөлігіндегі қысымның жоғарылауын қамтамасыз етуге тиіс.

Барокамераны қамтамасыз етуші сүңгуір немесе су астына түсіру командирі тағайындаған сүңгуір тексереді. Барокамераны тексеру нәтижесі түсу командиріне баяндалады, осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сүңгуірлік жұмыс журналына енгізіледі және оған тексерген адам қол қояды.

21. Сүңгуірлік жұмыстың басталуы корабль бойынша жарияланады. Корабль (кеме) командирі (капитаны) сүңгуірлік жұмыс кезінде:

- 1) еспе бұранды бұруға;
- 2) корпус қаптамасының шегінен шығатын жабдық мен құрылғыны пайдалануға;
- 3) кингстондарды ашуға;
- 4) су жинау сорғысын қосуға;
- 5) корабльді арқандап байлауға;
- 6) якорь тізбегін жинауға немесе босатуға;
- 7) гидролокациялық және гидроакустикалық станцияны (сүңгуірлік станциядан басқа) қосуға;
- 8) қоқысты және қандай да бір заттарды борттан тыс лақтыруға жол бермейді.

22. Су астына түсу сүңгуірлік жұмыс жетекшісінің түсуге әзірлік туралы баяндағаннан кейін оның рұқсатын алғаннан кейін басталады. Осы сәттен бастап су астына түсуді қамтамасыз етуге тағайындалған барлық адам сүңгуірлік түсуді өткізу жоспарына сәйкес міндеттерін орындауға кіріседі және су астына түсу командирінің бағынысына өтеді.

Сүңгуірлік жұмыс жетекшісі сүңгуірлік түсуге рұқсат беріп, негізгі командалық пунктте немесе басшылық жасауға ыңғайлы басқа орынға орналасып, осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес әрекет етеді.

3-параграф. Сүңгуірдің киінуі

23. Сүңгуірдің киінуі су астына түсу командиріне жабдықты жұмыс тексеру нәтижесі туралы баяндағаннан, сүңгуір сүңгуірлік жұмыс журналына қол қойғаннан және су астына түсу командирінің киінуге рұқсатын алғаннан кейін жүргізіледі.

24. Сүңгуір жейдесін немесе гидрокомбинезонды кигеннен кейін сүңгуірдің белбеуіне телефон байланысы істен шыққанда шартты сигналды беруге арналған сигналдық арқан немесе шланг-сигнал бекітілуге тиіс.

Шланг нұсқасында және басқа да сүңгуірлік жабдықта пайдаланғанда шланг пен кабель жабдықтың конструкциясында көзделген орынға бекітілуге тиіс.

Егер сүңгуіргесу астынан түсу орнынан алыс жерде 20 метрге дейінгі тереңдікте жүзу (акваторияны зерттеу, заттарды іздеу) қажет болса, оның орналасқан жерін көрсету үшін сигналдық арқанның орнына жүзгіштігі кемінде 50 Ньютон (5 килограмм

күш) және ұзындығы жүзу ауданының тереңдігінен 20 пайыздан астамқалқымаға бақылау арқанын бекітуге жол беріледі.

Белге тағылатын жүк авариялық жағдайда оны тез шешіп алу мақсатында тыныс алу аппаратының төменгі білезігінің үстіне киіледі.

Жүзуге арналған аяққа киілетін ескек аяғына шақ болуға және штаттық бекітпемен мықтап бекітілуге тиіс.

25. Жабдықты кигенде қосылған жерінде тығыздағыштың болуына, қосылыс сомынын тығыз қысуға, белбеумен брасты шақтауға, дулығадағы телефон құрылғысын және сүңгуірдегі жабдықтың әртүрлі бөлігін сенімді бекітуге назар аудару қажет.

26. Су астына түсетін және сақтандырушы сүңгуір жабдығының міндетті элементі өткір қайралған сүңгуір пышағы болуғатиіс. Пышақ қынапта болуғатиіс және сүңгуіргебарынша қолжетімді және ыңғайлы жерде бекітіледі.

27. Су астына түсер алдында су астына түсу командирі сүңгуірді жеке өзіқарап тексереді, жиынтықтың толықтығына және киілген сүңгуірлік жабдықтың жарамдылығына көз жеткізеді.

28. Сүңгуірдіаппаратқа тыныс алуға қосу оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізілуге тиіс. Бұл ретте тыныс алу және дем шығару клапанының, тыныс алу автоматының және қолмен іске қосқыштың дұрыс жұмыс істеуіне назар аудару қажет.

4-параграф. Сүңгуірдің су астына сүңгуі және болуы

29. Сүңгуір суға сүңгуір баспалдағымен түсуі керек. Суүсті бортының биіктігі 3 метр және одан жоғары болғанда, сондай-ақ пирстен, айлақтан, бөгеттен және су үстінен 3 метр және одан жоғары биіктікке көтерілетін басқа да құрылыстан жұмыс істегенде сүңгуірді суға түсіру күркеде жүргізілуге тиіс. Бұл жағдайда жұмыс орнында шлюпка болуы керек.

Сүңгуірдікорабльдің су басқан бөлігіне түсіру корабльтрапы арқылы жүргізіледі. Егер ол болмаса, онда қарапайым конструкциядағы сенімді және түсуге ыңғайлы сүңгуір баспалдағы дайындалады (бейімделеді) және мұқият бекітіледі.

Осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес суасты жұмысы сағатының (су астына түсудің) жыл сайынғы нормасын есепке алу жүргізіледі.

30. Тереңдікке сүңгу алдында сүңгуірлік жабдықтың герметикалылығын және сүңгуірдің жүзгіштігін тексеру жүргізіледі, ол үшін траптан (күркеден) түспей, жабдық киген әрбір сүңгуір су бетіне жақын жерде су астынатүседі. Жабдықтың герметикалылығына және сүңгуірдің қажетті жүзгіштігіне жеке өзі көз жеткізіп, су астына түсіру командирі одан әрі сүңгуге рұқсат береді. Герметикалы емес жабдықпен және реттелмеген қалқымамен сүңгуірді тереңдікке түсіруге жол берілмейді.

31. Сүңгуір тереңдікке сүңгіп, суға түсіру арқанынан ұстап тұруы керек. Сүңгуірдіңөзін сезінуіне және оның жаттықтырылуына байланысты, бірақ минутына 10 метрден 10 метр тереңдікке дейін жәнеүлкен тереңдікте минутына 20 метрден астам

емес су астына түсу арқанымен немесе күркедежүргізіледі. Жүзу жабдығының жиынтығында су астына түскенде сүңгу кезінде түсу арқаны пайдаланылады, мұндай жағдайда сүңгуірдің жүзгіштігі нөлге жақын болады.

32. Сүңгуірдің су астына түсуіне қарай және тереңдігі артқан сайын сүңгуірлік аппаратты пайдалану нұсқаулығына сәйкес ауа беруді арттыру қажет. Егер сүңгу кезінде сүңгуір кеуде қуысының қысылуын және ауаның жетіспеушілігінен тыныс алудың қиындауын сезінсе, ол түсіру арқанында тұрып, (күркені су астына түсіруді тоқтатуды талап етеді) ауа беруді арттыруды талап етеді. Еркін тыныс алу қалпына келтірілгеннен кейін сүңгуір жағдайға қайтарылады.

33. Жартылай бетпердесі бар гидрокомбинезонмен су астына түскенде жергілікті қысуды болдырмау үшін дулыға асты кеңістігінің көлемі оны мезгіл-мезгіл тарту арқылы жартылай бетперде толтырылады. Тыныс алу түтігі гидрокомбинезондасу астына түскенде мұрын арқылы дем шығарылады.

34. Тыныс алу жиілегенде сүңгуір қалыпты тыныс алу қалпына келгенге дейін жұмысты тоқтатады, ол туралы су астына түсу командиріне баяндалады.

Жартылай тұйық тыныс алу схемасы бар жабдықта су астына түскенде тыныс алудың қиындауы пайда болғанда сүңгуір жай-күйі жақсарғанға дейін демін ішіне тартып, сыртқа шығарады, одан кейін су астына түсу командиріне өзін сезінуі туралы баяндап, оның нұсқауы бойынша әрекет етуге тиіс.

Автономды жабдықта таяз тереңдікке түскенде тыныс алудың қиындауы пайда болғанда сүңгуір дереу су бетіне шығуы керек.

Автономды жабдықта су астына түскенде сүңгуірдің су астында болуына ең төменгі қысым көрсеткіші немесе сүңгуірге тыныс алу аппаратының баллонында ауаның (оттегінің) негізгі қорының толық жұмсалғаны туралы ескертетін басқа құрылғы іске қосылғанға дейін жол беріледі. Одан кейін сүңгуір жұмысты дереу тоқтатып, аппараттағы ауаның (оттегінің) резервтік қорымен тыныс алуға ауысып, су астына түсу командиріне хабарлап, су бетіне көтерілуді бастайды.

Сүңгуірге ауа беру кезінде сүңгуір шлангісіндегі қысым (тірек) осы типтегі жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес сақталады.

Сүңгуірлік жабдықтың және сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ету құралының қалыпты жұмысы бұзылғанда осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес үлгілік әрекет ету тізбесі бойынша орындалады.

Телефон байланысының қалыпты жұмысы бұзылғанда сүңгуірдің су астына түсуді қамтамасыз етушімен байланысы осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сүңгуірмен шартты сигнал арқылы сақталады.

5-параграф. Сүңгуірді көтеру және шешінуі

35. Көтерілудің басталуы туралы жұмыс орнындағы жағдайға байланысты су астына түсу командирі жұмыс істеп тұрған сүңгуірге ескертеді. Сигналға жауап беріп,

сүңгуір жұмысын тоқтатады, жұмыс орнында жинақталады немесе құралды жоғарғы жаққа береді, өз сигнал арқанының (кабельдің) және шлангінің тазалығын тексереді, су астына түсу арқанына (күркеге) жақындайды, көтеруді бастау туралы су бетіне сигнал береді және су астына түсу арқанымен су бетіне шығады (көтеру үшін күркеге орналасады). Күркедегі сүңгуірді көтеру оның күркеден құлап кетуіне жол бермейтін шара қабылданғаннан және сүңгуірдің көтеруге әзірлігі туралы баяндаудан кейін басталады.

Жүзу жабдығын пайдалану кезінде декомпрессиялық аялдауды қажет етпейтін су астына түскенде көтерілу кезінде түсіру арқаны пайдаланылмайды. Су бетіне шыққан кезде сүңгуір шығарылатын (босатылатын) ауа (оттегі) көпіршіктерінің көтерілу жылдамдығын арттырмауға тиіс. Сүңгуір қамтамасыз етуші шлюпкамен немесе басқа да заттармен соқтығысуды болдырмау үшін су бетін қарап-тексереді.

36. Сүңгуір 10 метрге дейінгі тереңдіктен су бетіне сүңгуірдің өзі реттейтін жылдамдықпен аялдаусыз, ал 10 метрден астам тереңдіктен сүңгуірдің декомпрессия режимі кестесіне сәйкес аялдаумен су бетіне шығады. Сүңгуір көтерілген кезде скафандрдан (гидрокомбинезоннан) артық ауаны шығарады. Сүңгуірдің желдетілетін жабдықта су астына түсу арқанымен қалқып шықпауға тапсырмаларды пысықтау кезінде және авариялық жағдайда ғана жол беріледі. Бұл реттесу бетіне шығу процесінде дем шығарғанда демді ұстап тұруға жол берілмейді.

37. Су астына түсу арқаны арқылы түскен сүңгуірдікөтергенде қамтамасыз етуші сүңгуір сигнал арқанын (кабельді) және шлангіні босаңсытпай, баяу тартып, осылайша сүңгуірге су бетіне шығуға көмектеседі. Сүңгуір су бетіне шыққанда қамтамасыз етуші сүңгуір оған траптан ұстап, баспалдақпен көтерілуге көмектеседі.

Жүзу нұсқасында сүңгуірлік жабдықты пайдаланғанда траппен көтерілуді жеңілдету үшін сүңгуірдің аяққа киетін ескекті шешуінеол белдегіжүктіқамтамасыз етуші сүңгуірге бергеннен кейін ғана жол беріледі.

Сүңгуірден жабдық киінуге кері тәртіппен алынады. Сигнал арқаны жейдені (гидрокомбинезонды) шешпес бұрын, сүңгуірден соңғы кезекте алынады.

Сүңгуірлік қоңырауды пайдаланып су астына түскенде қоңырау атмосферасынан ауамен тыныс алуға ауысуға және жабдықты алып тастауға тек су астына түсу командирінің командасыменжол беріледі.

4-тарау. Сүңгуірліктүсудіжәне жұмысты ұйымдастыруға қойылатын жалпы қауіпсіздік талаптары

38. Сүңгуірлік түсу қауіпсіздігі:

- 1) сүңгуірлік түсуді орындауды және қамтамасыз етуді нақты ұйымдастырумен;
- 2) осы Нұсқаулықтыңталаптарын дәл орындаумен;
- 3) сүңгуірлік жабдықтың, сүңгуірдің түсуін қамтамасыз етуге арналған құрылғы мен жабдықтың ақаусыз жай-күйімен және сапалы дайындалуымен;

4) сүңгуірлік техниканы және су астына түсу физиологиясының негізін жақсы білумен;

5) сүңгуірдің жақсы дене дайындығымен, кәсіби және физиологиялық жаттықтырылуымен, авариялық жағдайда олардың дұрыс әрекет етуімен;

6) суасты жағдайы қолайсыз өзгергенде су астына түсу командирінің, дәрігердің және сүңгуірлік жұмыс жетекшісінің сауатты және батыл әрекет етуімен қамтамасыз етіледі.

39. Сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ету үшін сүңгуір станциясы жинақталады және сүңгуірлікбекет жабдықталады. Сүңгуірлік бекет су айдынының жағасында арнайы салынған үй-жайда немесе алаңда, арнайы жабдықталған автомашинада, әртүрлі сыныптағы корабльде (кемеде) және басқа да жүзу құралында, сондай-ақ зертханада, оқу-жаттығуполигонында орналастырылады.

Арнайы жасалған корабльде сүңгуірлік түсу және осы кешеннің техникалық мүмкіндігімен айқындалатын тереңдікте жұмысқасүңгуірліккешен орналастырылады.

40. Сүңгуір станциясында 20 метрге дейінгі тереңдікке түскенде кемінде үш сүңгуір, 45 метрге дейін түскенде кемінде төрт сүңгуір, 60 метрге дейін түскенде кемінде бес сүңгуір, ал 60 метрден астам тереңдікке түскенде – терең теңіз сүңгуірлік кешен бар нақты кеме үшін кесте бойынша.

41. Үш сүңгуірменжасақталғансүңгуірлік станцияда екі сүңгуір сүңгуірлік түсуді басқаруғажіберіледі, олардың біреуі станция старшинасы болып тағайындалады. Станция старшинасы су астына түсу командирінің іс-қимылын орындайды.

Әрбір су астына түсу алдында жоспарды жасау кезінде сүңгуір арасында міндеттерді бөлу жүргізіледі: біріншісі су астына түсу үшін тағайындалады (жұмыс істейтін сүңгуір), екіншісі – сигнал арқанына (қамтамасыз етуші), үшіншісі – телефон байланысы мен ауа беруге, олсүңгуірдісақтандырушы болады.

Станция старшинасы су астына түскенде су астына түсу командирінің іс-қимылын сүңгуірдің түсуін басқаруға жіберілген адам орындайды.

Сүңгуірдің көп саныменжасақталған сүңгуір станциясында кем дегенде екі сүңгуір сүңгуірлік түсуді басқаруға жіберіледі, олардың біреуі станция старшинасы болып тағайындалады.

Жоспарды құру кезінде сүңгуір арасында міндеттерді бөледі: біріншісі су астына түсу үшін тағайындалады (жұмыс істейтін сүңгуір), екіншісі – сигналарқанына (қамтамасыз етуші), үшіншісі – телефон станциясына және ауа беру (түсіру командирі), төртіншісі – сақтандырушы сүңгуір.

42. Бір сүңгуірдің жұмыс күні ішіндесу астына түсу саны мынадан аспайды:

1) 6 метрге дейінгі тереңдікке – 8 су астына түсу;

2) 6 – 12 метр тереңдікке – 6 су астына түсу;

3) 12 – 20 метр тереңдікке – 4 су астына түсу;

4) 20 – 60 метр тереңдікке – 2 су астына түсу;

5) 60 метрден астам тереңдікке – 1 су астына түсу.

Су астында болудың жалпы уақыты 6 сағаттан аспайды. 12 – 20 метрге дейінгі тереңдікке және 20 – 60 метрге дейінгі тереңдікке бір тәулік ішінде төртінші түсуге командир тек дәрігер қорытындысының нәтижесі негізінде жол беріледі.

43. Сүңгуірлік бекеттесүңгуірлік жабдық, құрал, шығыс материалы орналастыру үшін және сүңгуірдің киінуі үшін орын жабдықталады және сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ету құралымен жарақтандырылады.

44. 20 метрге дейінгі тереңдікке түсу үшін шланг бойынша ауа берілетін сүңгуірлік жабдықты пайдаланғанда олар қолданылатын жабдықтың техникалық сипаттамасына сәйкес келетін ауаның жұмсалуды және тежелуді қамтамасыз еткендесүңгуірлік сорғыны қолдануға жол беріледі. 20 метрден астам тереңдікке түскенде ауа беруді қамтамасыз ету сүңгуір компрессорынан жүзеге асырылады.

Компрессормен ауаны жинау зиянды газбен ластанбаған атмосферада жүргізіледі. Егер базада тұрған кезде оны жасау мүмкін болмаса, баллондаркорабль (кеме) теңіздегі жұмыс орнына өткен кезде толтырылады.

Компрессордың сору магистралының қосылысы герметикалы болуын тексеріледі.

Корабльдің (кеменің) сүңгуірлікауа жүйесін жалпы кеме жүйесіне ауа беру үшін пайдалануға корабльдің (кеменің) қауіпсіздігіне қатер төнумен байланысты авариялық жағдайда жол беріледі.

Сүңгуірді желдетілетін жабдықта немесе ашық тыныс алу схемасы бар жабдықта шланг нұсқасында түсіру кезінде сүңгуірдің судан шығуын қамтамасыз ететін сақтандырушы баллондағы ауаның азайтылмайтын қоры осы түсу тереңдігі мен оның тереңдікте болу уақыты үшін декомпрессия режимін сақтап, компрессор сынған жағдайда сақталады.

45. Сүңгуірлік түсуді орындау кезінде емдік рекомпрессия қамтамасыз етіледі. 20 метрден астам тереңдікке түсу және жаттығыпсу астына түскенде тереңдігіне қарамастан, су астына түсу орнында сүңгуір барокамерасы болғанда орындалады.

20 метрден аз тереңдікке түскенде барокамера қолданылмайды. Әскери қызметшінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түсу орнында науқасты барокамераға жеткізу үшін қызметтік автомобиль беріледі.

Барлық әрекеттегі барокамералар гарнизон бастығының (әскери-теңіз базасы командирінің) бұйрығында олардың нақты орналасқан орнын, байланыс құралын, зардап шеккен сүңгуірлерді жеткізу маршрутын көрсетіп жазылады.

Сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын барокамера куәландырылады, тексеріледі және жұмысқа дайындалады, ал ауа барокамераны басқару қалқанына өткізіледі.

Кезекті куәландыру мерзімі өткен сүңгуір барокамерасын пайдалануға жол берілмейді.

Корабльдің маневрлік орналасу ауданында және жеке жүзу кезінде барокамера болмағандасүңгуірлік түсуді 10 метр тереңдікке дейін жүргізуге жол беріледі.

46. Ауа және газ магистралында орнатылған барлық манометр тексеріледі және түзетіледі. Манометрді тексеру және пломбалау жылына кемінде бір рет, ал сүңгуірлікбарокамера мен сүңгуірлік тыныс алу аппаратында орнатылған жұмыс манометрін бақылау аппаратымен салыстыру – осы салыстырып тексеру нәтижесін сүңгуірлік жұмыс журналына енгізіп, тоқсанына кемінде бір рет жүргізіледі.

47. Түсіру-көтеруқұрылғысы куәландырылады, тексеріледі және жұмысқа дайындалады.

Траптың ұзындығы мен ені сүңгуірдің ыңғайлы түсуін, ал траптың сүңгуірлік бөлігі – сүңгуір трапта болғандасүңгуірлік жабдықтың герметикалығын тексеруді қамтамасыз етеді.Су астына түсу және жұмыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сүңгуірлік түсуді қамтамасыз етудің кейбір құралына талаптар қойылады.

48. Сүңгуірлік жабдықтыңжәне сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ету құралының қолданысын тексеру олардың сипаттамасына және сүңгуірлік жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес жүргізіледі.

Аппарат баллонында ауаның (оттегінің) жол берілетін қысымы – жұмыс қысымынан 10%-ға кем.

Сүңгуірге түсу үшін пайдаланылатын регенеративті заттар мынадай талаптарды қанағаттандыруға тиіс: оттегінің мөлшері – бір килограммға кемінде 130 литр, көмірқышқыл газы – бір килограммға 15 литрден аспайды.

Құрамында бір килограммға 20 литрден аспайтын көмірқышқыл диоксиді бар химиялық сіңіргіштіпайдалануға жол беріледі.

49. Су астына түсуді орындау кезінде қолданылатын сүңгуірлік жабдық пен қамтамасыз ету құралытехникалық сипаттамасыныңжоспарланған су астына түсу тереңдігіне сәйкестігі тексеріледі. Сүңгуірлік жабдықтың және қамтамасыз ету құралының осы түрінің техникалық мүмкіндігінен асатын тереңдікке сүңгуірлік түсуге жол берілмейді.

50. Қатты сүңгуірлік құрылғы куәландырылады, тексеріледі және су астына түсіруге дайындалады.

1-параграф. Сүңгуірлік түсу кезіндегі негізгі қауіпсіздік талаптары. Сүңгуірге және сүңгуірге түсуді қамтамасыз етушігенұсқау беру

51.Сүңгуірге нұсқау беруді сүңгуірлік түсу басталар алдында сүңгуірлік түсуге қатысатын және қамтамасыз ететін барлық жеке құраммен су астына түсу командирі жүргізеді. Сүңгуірлік түсуді орындау процесінде су астына түсу командирі жағдайдың өзгеруін қамтитын қосымша нұсқау береді.

Нұсқау беру кезінде:

- 1) сүңгуірлік түсу жоспары;
- 2) сүңгуір мен сүңгуірдің түсуін қамтамасыз ететін адамдар арасында іс-қимылды бөлу;
- 3) сүңгуірдің түсу кезектілігі;
- 4) әрбір сүңгуірге, сондай-ақ сүңгуірдің түсуін қамтамасыз ететін адамдарға тапсырма және оны орындау тәсілі;
- 5) сүңгуірліктүскенде және сүңгуірлік жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасы қағидалары;
- 6) су астына түсудің нақты жағдайына байланысты сақтандырушы сүңгуірдің дайындық дәрежесі жарияланады.

52. Нұсқау беру жұмыстың нақты түрін орындау ерекшеліктерін және қауіпсіздік қағидаларын қамтиды.

Нұсқау беруге орындалатын жұмыс сипатына қарай лауазымды адамдар мен мамандар (дәрігер, жарғыш) тартылады.

Нұсқау беру кезінде сүңгуір су астында айналысатын құрылғының сызбасын (схемасын), макеті мен моделін, сондай-ақ мүмкіндігінше осы сыныптағы корабль мен кемеді бірдей типтегі конструкцияны көрсету керек.

53. Нұсқау беру әрбір сүңгуірдің және сүңгуірге түсуді қамтамасыз ететін адамдардың өз міндеттерін, сүңгуірлік құралды, жабдықты, жұмысты орындау тәсілі мен әдісін және қауіпсіздік техникасы қағидаларын білуін бақылау сауалнамасын қамтиды.

60 метрге дейінгі тереңдікке түскенден нұсқау беруден сүңгуірдің өзін сезінуіне сауалнама жүргізіледі, оның негізінде оларды су астына түсуге жіберу туралы шешім қабылданады.

Өз іс-қимылын, сүңгуірлік жабдықты, құралды, қауіпсіздік техникасы қағидаларын білмейтін немесе өз іс-қимылын орындауға дайын емес адамдар сүңгуірлік түсуден шеттетіледі.

Су астына түсу командирі өткізілген нұсқау беру туралы сүңгуірлік жұмыс журналына жазба жасайды.

54. Сүңгуірдің (оператордың) су астында және барокамерада жоғары қысыммен болу уақытын есепке алуды сүңгуірлік түсу және су астына түскенде қатты сүңгуір құрылғысында сүңгуірлік түсу командирі жүргізеді. Сүңгуірлік жұмыс журналы сүңгуірлік түсу және жұмысты жазуға, сүңгуірдің жеке кітапшасын толтыруға арналған ресми құжат болып табылады.

2-параграф. Корабльден (кемеден) сүңгуірлік түсу кезіндегі негізгі қауіпсіздік талаптары

55. Корабльден (кемеден) сүңгуірліктүскендегі жаттықтыру полигонының тереңдігі сүңгуірдің жерге түсу мүмкіндігінің шарттары негізінде таңдалады. Жаттықтыру

полигонында сүңгуірді жаттықтыру үшін рейдтік жабдық пен макет (тренажер) қойылады.

56. Сүңгуірліктүсугетек жұмыс объектісі үстіне корабльді сенімді орнатқаннан кейін жол беріледі. Терең суғасүңгуірлік түсу кезінде корабльдің рейдтік жабдықта және зәкірде желдің кез келген бағыты кезінде 5-6 балға дейінгі күшпен сенімді тұрағы қамтамасыз етіледі. 80 метрге дейінгі тереңдікте кемені зәкірге қоюға жол беріледі.

57. Сүңгуірді жерүсті кораблінен (кемеден) түсіруге үш балдан аспайтын теңіз толқуы кезінде жол беріледі.

58. Сүңгуір су астына түсер алдында корабльде (кемеде)ескерту сигналы көтеріледі, ал судан шыққанда түсіріледі.

59. Корабльде (кемеде) бұл сигналсүңгуір түсірілетін борттың айқастырылған дінгегінің ұшынабекітіліп көтеріледі. Сигналды көтеруге арналған штаттық дінгегі жоқ жағалауда немесе жүзу құралында уақытша айқын көрінетін дінгек орнатылады. Жел болмағанда құлап кетпес үшін жалау қатты негізге орнатылады.

60.Сүңгуірлік жұмыс жүргізілетін корабльге сүңгуірлік жұмыс жетекшісінің рұқсатынсыз арқандап байлануға жол берілмейді.

3-параграф. Шлюпкадан (катерден) сүңгуірлік түсу кезіндегі негізгі қауіпсіздік талаптары

61. Сүңгуірлік түсу сүңгуірлікжұмыс кезінде, атап айтқанда: жару жұмысы, үлкен акваторияны қарапнде, ата, арнайы сүңгуірлік жұмыс кезінде жүзеге асырылады.

Корабльде (айлақта, түсу орнына жақын жағалауда) сүңгуір су астына түсер алдында сүңгуірдің су астына түсуі туралы ескертусигналы көтеріледі. Шлюпка корабльден (айлақтан, жағалаудан) алыстаумен жұмысты орындаған жағдайда бөгде корабль (кеме) мен катердіңсүңгуірге қауіпті жақындауын болдырмау үшін қосымша қауіпсіздік шаралары қабылданады.

62. Шлюпкада сүңгуірді шлюпкаға көтеріп шығаруқұралы, қалқыма-белгі, лақтырылатын арқан, сигналдық реактивті патрон немесе зымыраны бар сигналдық пистолет, сүңгуірге дыбыстық сигнал беру құралы немесе сүңгуірмен техникалық байланыс құралы, көзбен шолып бақылау құралы көзделеді. Қамтамасыз етуші корабль (кеме) мен катер арасында арасында техникалық, көрнекі және сигнал беру құралының көмегімен үздіксіз байланыс көзделеді.

63. Шлюпкадан сүңгуірлік түсу автономды немесе шланг жабдығында жүзу нұсқасында, су астына түсу аймағында 2 балға дейін теңіз толқуы кезінде орындалады. Сүңгуірлік жабдықтың шлангілі нұсқасын пайдаланғандасүңгуірге ауа шлюпкаға орналастырылатын көлік баллонынан редуктор арқылы беріледі. Сүңгуірдіңжүзгіштігі "нөлге" жақын келтіріледі.

64. Шлюпкада төрт сүңгуір, екі ескекші (шлюпкада мотордың болуына қарамастан) және шлюпка командирі бар сүңгуір станциясын орналастыруды қамтамасыз етеді. Су астына түсу командирі мен шлюпка командирінің іс-қимылы үйлестіріледі.Сүңгуір

тобының "байламда" жүзуін қамтамасыз ететін шлюпка барлық жұмыс істейтін сүңгуірді бортқа қабылдау және жеткізу үшін жеткілікті орнымен қолданылады.

Сақтандырушы сүңгуір ашық тыныс алу схемасымен жабдықталған шлюпкада және дереу су астына түсуге әзірлікте болады.

65. Сүңгуірді су астына түсіру, әдетте, шлюпканың артқы бөлігінде, ал үрлемелі шлюпкада, бортта немесе тасымалдау тақтасында (рульсіз шлюпка үшін) отырып, арқасын алға қаратып "суға құлау" тәсілімен жүргізіледі. Сүңгуірге сигнал арқанын немесе қалқымасы бар бақылау арқанымен бекітіледі.

Сүңгуірді катерден түсіру сүңгуірлік немесе басқа борт сыртындағы трап арқылы жүзеге асырылады.

Шлюпкадан қалқымасы бар бақылау арқанымен сүңгуірлік түсу 20 метрден аспайтын тереңдікте жүргізіледі. Тереңдігі үлкен ауданда сүңгуірлік түсу сигнал арқанымен жүргізіледі. Сигнал арқанымен сүңгуірлік түсудің барлық жағдайында оның бос ұшы қамтамасыз ететін сүңгуірдің қолынан жұлып алудың алдын алу үшін су астына түсу орнына бекітіледі.

Түнде су астына түсуді қамтамасыз ету үшін немесе нашар көріну жағдайында жарқырайтын қалқыма қолданылады. Су бетінде 50 метрден кем көріну жағдайында тек сигнал арқанын пайдалану арқылы су астына түсуге жол беріледі.

Бақылау (сигнал) арқанынсыз жүзуге арнайы іс-шаралар өткізгенде байланыс құралы және қосымша даярлықтан өткен сүңгуірлердің сүңгуірді (жүзіп шығу кеудешесі және оған ұқсас) су бетінде ұстау құралы бар топ құрамында жол беріледі. Сүңгуірді бақылау (сигнал) арқанынсыз жүзуге жіберу бөлім командирінің бұйрығы негізінде әрбір іс-шара үшін жүргізіледі.

66. Топтық сүңгуірлік түсу бір немесе (түйістіруші топта) екі (жетекші және түйістіруші топта) бақылау қалқымасымен жүргізіледі. Бұл ретте топта әрбір сүңгуірге бекітілетін сигнал арқаны (байламы) болады. Сүңгуір тобы бақылау қалқымасымен жүзгенде әрбір сүңгуірде сигнал байланыстыратын арқан сүңгуірдің қолында болады.

Топ құрамында жүзу кезінде сүңгуір кезең-кезеңімен (2-3 минуттан кейін) бір-бірін көзбен шолып, сигнал байланыстыратын арқан арқылы немесе техникалық байланыс құралы арқылы бақылайды. Жабдықтың ақаулығы, сүңгуірдің бірі өзін нашар сезінген жағдайда барлық топ су бетіне қалқып шығады және авариялық сүңгуірді қамтамасыз ететін жүзгіш құралға көтеру бойынша шара қабылдайды. Сигнал арқанын ұшын алып тастауға (кесуге) жол берілмейді.

67. Сүңгуір судан шлюпкаға арнайы траппен немесе сүңгуірдің жарақаттануын және жабдықтың зақымдануын болдырмау үшін сақтық шараларын сақтап, шлюпкадағы жеке құрамның көмегімен көтеріледі.

68. Сүңгуірлік түсуді тікелей қамтамасыз ететін корабльден (кемеден) басқакорабльдер мен кемелердің жүзуі үшін ашық ауданда шлюпкадан сүңгуірлікжұмысты орындағанда ауданды күзету үшін жылдам жүретін катер бөлінеді.

4-параграф. Сүңгуірлік түсуді және ерекше жағдайда жұмыс кезіндегі негізгі қауіпсіздік талаптары. Су астындағы электр дәнекерлеу жұмысы

69. Сүңгуірлік электрмен дәнекерлеу жұмысын орындауға "сүңгуір-дәнекерлеуші" біліктілігі бар және тиісті командир (бастық) бекіткен тиісті СБК сынақтарын қабылдау хаттамасының негізінде суасты дәнекерлеуге және кесуге арналған жабдық пен қолданылатын жабдықты көрсетіп, олардың қызмет (жұмыс) орны бойынша бөлім (корабль) командирінің бұйрығымен рұқсат етілген сүңгуір жіберіледі.

70. Су астында электрмен дәнекерлеу жұмысын орындау және қамтамасыз ету үшін осы Нұсқаулықтың талаптарын және өндіруші зауыттыңнұсқаулығында жазылған су астында электр дәнекерлеу жабдығына, дәнекерлеу тогы көзіне қызмет көрсету қағидаларын білетін және нақты орындайтын, сондай-ақ электр тогы соққанда алғашқы көмек көрсете білетінсүңгуір жіберіледі.

71. Су астында электрмен дәнекерлеу жұмысын орындау үшін тұрақты немесе түзетілген ток қолданылады.

Су астында электрмен дәнекерлеу жұмысыкезінде дәнекерлеу тогының көзі ретінде осы үшін арнайы әзірленген және қолданыстағы стандарттардың талаптарын қанағаттандыратын қуат көзі пайдаланылады.

Су астында дәнекерлеу және кесу үшін 50 Герц жиіліктегі айнымалы токты қолдануға теккорабльдің төзімділігі үшін күрес және адамдардың өмірін құтқару кезінде жол беріледі.

Дәнекерлеу тогы көзінің бос жүріс кернеуі 110 вольттан аспайды. Су астында плазмалық кесуге арналған қондырғыда кернеуі 180 вольт болатын қуат көзін қолдануға жол беріледі.

72.Отын цистернасындағы немесе құбырдағы жарықты дәнекерлеуге дайындық кезінде олардан отын алынады және сумен толтырылады. Су астына түсу командирі электрмен дәнекерлеу жұмысы жүргізілетін цистернаны (құбырды) сумен толтыруға көз жеткізеді.

Цистернада (құбырда) отын мен газ болғанда дәнекерлеуге жол берілмейді.

Қысымдағы ыдыста немесе құбырда кесуге және дәнекерлеуге жол берілмейді.

73. Су басқан бөліктің ішіндегі электр-оттегі кесу кезінде тор астында пайда болған газ жастықшасы ауамен желдетіледі.

74. Жұмысты бастамас бұрын электрмен дәнекерлеу жабдығының ақаусыздығы және корпусының жерге берік тұйықталуы тексеріледі. Корабль корпусын немесе суды кері сым ретінде пайдалануға жол берілмейді.

Су астында дәнекерлеу тізбегінің кабельдік желісі мыс өткізгіші бар және қорғаныс қабығында (шлангіде) резеңке оқшаулағышы бар штаттық дәнекерлеу кабелімен орындалады.

Су астындағы жұмысты орындау үшін зақымдалған шлангісібар дәнекерлеу кабелін пайдалануға жол берілмейді.

Корабльде су астында дәнекерлеу тізбегін жинағанда су астындағы электр ұстағыш кабеліне штаттық дәнекерлеу кабелін жалғау орнының герметикалығы және берік электр оқшаулануы қамтамасыз етіледі.

75. Сүңгуірді су астында дәнекерлеу және кесу орнына түсіру түсу (жүру) арқанымен, сүңгуірліккүркеде немесе сүңгуір қоңырауы платформасында жүзеге асырылады. Сүңгуірді іске қосу және көтеру үшін дәнекерлеу кабелін немесе дәнекерлеу жабдығының бағыттаушы ұшын пайдалануға жол берілмейді.

Су астында электрмен дәнекерлеу жұмысы топырақтан немесе мықтап бекітілген күркеден жүргізіледі.

76. Сүңгуір-дәнекерлеушімен тікелей екі жақты телефон байланысынсыз су астында электрмен дәнекерлеу жұмысына жол берілмейді.

Су астындағы сүңгуірмен байланыс жоғалған жағдайдасенімді екі жақты байланыс қалпына келгенге дейін электр тогы дереу өшіріледі.

77. Дәнекерлеу тогын су астында дәнекерлеуді (кесуді) жүзеге асыратын сүңгуірдің бұйрығымен қосуға және өшіруге болады. Осы мақсатта дәнекерлеу тізбегінде сүңгуір бекетінің (түсуді басқару бекетінің) үй-жайына орналастырылатын және сүңгуірмен байланыс пультіне жақын жерде дәнекерлеу қалқанына стационарлық бекітілетін жабық үлгідегі ажыратқыш орнатылады. Сол қалқанға дәнекерлеуші-сүңгуірге қарай бағытталған дәнекерлеу тізбегіне қосылған амперметр мен вольтметр орнатылады.

Су астында жұмыс істейтін дәнекерлеуші-сүңгуірмен байланысты қамтамасыз етуге тағайындалған сүңгуір токты қосып-ажырату арқылы дәнекерлеу тізбегіне қосылған электр өлшеу аспабының көрсеткішін қадағалайды.

78. Дәнекерлеу және кесу процесінде су астында дәнекерлеуші сүңгуір электрод ұстағышын немесе кескішті оның жабдығының металл бөлігіне тимейтіндей және оларды доғамен күйдірмейтіндей етіп ұстайды.

Дәнекерлеуші-сүңгуір жұмысты бастаудан бұрын телефон арқылы токты ажыратуға команда береді, растауды алғаннан кейін сүңгуір токты растауды алғаннан кейін қажетті электр ұстағышпен немесе кескішпен әрекет етеді.

79. Су астында электродты ауыстыру тек ток өшірілгеннен кейін, токтың ажыратылғаны туралы телефон арқылы растау алғаннан кейін, сондай-ақ сүңгуір дәнекерленген (кесілетін) бұйымның электродына тигенде ұшқынның жоқтығына көз жеткізгеннен кейін жүргізіледі.

Ток қосылғанда электродты қолмен ұстауға, электродпен электр ұстағышты немесе жерге кескішті, күркені, дәнекерлеу (кесу) объектісін қоюға жол берілмейді.

80. Электрод дәнекерленетін (кесілетін) өнімге дәнекерленген жағдайда дәнекерлеуші-сүңгуір токты өшіруге бұйрық беруге және токтың өшірілгені туралы растауды алғаннан кейін дәнекерленген электродты қолмен немесе қашау көмегімен жұлып алады, ал электродты дәнекерлеу орнын қайта дәнекерлейді (кеседі).

81. Плазмалық кесуді қолданып сүңгуірлік жұмыс кезінде сүңгуірдің электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қосымша шаралар қабылданады:

1) жұмыс арнайы электр оқшаулағыш жабыны бар немесе диэлектрлік материалдан жасалған дулығамен сүңгуірлік жарақта орындалады;

2) сүңгуірдің басына жұмсақ оқшаулағыш (поролон) дулыға асты киілу керек.

82. Сүңгуір денесі арқылы электр тогының өтуін сезініп, ол туралы хабарлаған жағдайда электр тогын дереу өшіріп, сүңгуірдісу бетіне көтеру қажет, сүңгуірдің денесі арқылы токтың өту себебі жойылады.

Жейде (гидрокомбинезон) немесе дулыға су астында жұмысты орындау және сүңгуірлік жабдықтың ішіне су өту процесінде зақымданғанда электр тогы дереу ажыратылады, сүңгуір су бетіне көтеріледі және жабдықтың зақымдалған бөлігі ауыстырылады.

Сүңгуір электр тогымен зақымданған жағдайда сүңгуірді дереу су бетіне көтеру, одан жабдықты тез алып тастау қажет (сүңгуір жейдені немесе гидрокомбинезонды кесу) және дәрігер келгенге дейін зардап шеккенге алғашқы көмек көрсетіледі: арқаға ыңғайлы жатқызылады, оған таза ауаның өтуі қамтамасыз етіледі және қажет болғанда жасанды тыныс алуға кіріседі.

5-параграф. Суастындағы жару жұмысы

83. Су астындағы жару жұмысын тиісті даярлықтан өткен, "сүңгуір-жарушы" біліктілігін алған және су астында жару жұмысына жіберілген сүңгуір орындайды.

Су астында жару жұмысы жару жұмысына басшылық жасауға жіберілген сүңгуір маманның басшылығымен жүргізіледі. Күрделілігі жоғары жару жұмысын орындағанда белгіленген тәртіппен тағайындалған минашы мамандар (сапер, жарушы) тартылады.

84. Екіжақты телефон немесе гидроакустикалық байланыссыз су астында жару жұмысына жол берілмейді.

Жару жұмысын бастамас бұрын осы аймақтың шекарасында адамдардың, корабльдің (кеменің) және құрылыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жағалауда, сондай-ақ акваторияда қауіпті аймақ шегі айқындалады. Су астында жару жұмысы осы аудандағыүлкен бастықтың рұқсатымен жүргізіледі. Түнгі уақытта жару жұмысы ерекше жағдайда (корабльдің төзімділігі үшін күрес, адамдардың өмірін құтқару кезінде) қосымша қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етіп жүргізіледі.

85. Жұмысқа қатысатын барлық жеке құрамға жару жұмысы кезіндегі қауіпсіздік мәселелері бойынша мұқият нұсқау беріледі, қолданылатын жарылғыш заттармен және жаруға арналған керек-жарақпен таныстырылады.

86. Сүңгуір салған су астындағы зарядты тек электр әдісімен және жарылғыш сым көмегімен жаруға жол беріледі. Су астында жару үшін пайдаланылатын электр желісі судан сенімді оқшауланған сымнан тұратын оқшауланған екі сымды электр желісі пайдаланылады. Кері сым ретінде суды пайдалануға жол берілмейді. Күштік суасты кабелін төсеу ауданында су астында жару жұмысын орындағанда тек детонациялайтынсымды пайдалануға жол беріледі. Су астында зарядтытұтандырутәсілімен жаруға жол берілмейді.

Су астында механикалық жарылғышты қолдануға тек арнайы заряд жарылған жағдайда жол беріледі.

Әртүрлі конструкцияны жару және кесу есептеуге сәйкес белгіленген технология бойынша жүргізіледі.

87. Су астында жару жұмысы үшін тек су өткізбейтін детонатор қолданылады, онда өткізгіштігін тексеруден басқа (қыздыру көпірінің жарамдылығы) оның кедергісі арнайы әдістемелерге сәйкес тексеріледі.

Электр детонаторының сымы мен детонациялаушы сымзарядты суға батырғандадетонаторсымына кернеудің берілуін болдырмайтындай етіп зарядқа бекітіледі.

88. Сүңгуірді қолданып, су астында жару жұмысы шлюпкада, жағалауда немесе мұзда орындалады. Өздігінен жүретін жүзу құралынан тікелей жару жұмысына жол берілмейді. Жұмысты шлюпкадан орындау кезінде онда 5 адамнан аспайды: жаружұмысының жетекшісі– су астына түсу командирі, ол шлюпка командирі, екі ескекші, жарушы сүңгуір және сақтандырушы сүңгуір болады. Басқа адамдарға шлюпкада болуға жол берілмейді. Шлюпканың жеке құрамы әрқашан құтқару кеудешесінде болады. Жаружұмысының жетекшісі – су астына түсу командирі қамтамасыз етуші жүзу құралымен байланыста болады.

89. Шлюпкада жалпы салмағы 40 килограммға дейін 20-дан аспайтын жеке заряд орналастыруға жол беріледі.Сым зарядын пайдалану кезінде шекті массаны оларды төсеу технологиясын ескеріп, жұмыс жетекшісіайқындайды. Заряджеткізу кезінде жылжып кетпеуі үшін шлюпканың артқы жағында орналасуы керек. Шлюпкаға зарядтыжеткізуге және салуға тек жару жұмысын қамтамасыз ететін, жару жұмысының қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау берілген жеке құрамға жол беріледі. Жарылғыш заттар мен жару заттарысөмкеде немесе кассетада бөлек тасымалданады. Детонатор мен жойғышты тек жаружұмысының жетекшісі – су астына түсу командирі алып жүреді және жарылғыш заттардан бөлек орналастырылады. Жаруға арналған зарядпен керек-жарағы бар шлюпкада басқа жүктіжеткізугежол берілмейді.

Шлюпкада зарядты жасауға немесе қайта жасауға, электр детонаторын тексеруге, суға батыру арқылы зарядтың көтергіштігін тексеруге, жойғыш пен зарядтың оқшаулауын түзетуге, басқа жұмысқа, от жағуға және темекі шегуге жол берілмейді.

90. Зарядты орнатпас бұрын жұмысқа тағайындалған жарушы сүңгуір зарядты орнату орнын тексеру және дайындау үшін су астына түседі. Зарядты орнату орнына кейіннен түсу үшін су астына түсу арқанынан жүруге арналған арқан тартылып бекітіледі.

91. Есу қалағын алғандасүңгуірге жұмыс жүргізілетін корабльден заряд беруге жол берілмейді. Зарядты дайындау жеке құрам мен жарылу қаупі бар жүк жоқ арнайы бөлінген орында жүргізіледі. Сүңгуірге берілетін, дайындалған және өзара байланыстырылған ұсақ заряд саны жалпы салмағы 0,8 килограммнан аспайтын төрт дана болады.

92. Сүңгуірді зарядпен су астына түсіру заряд салатын жерге бекітілген су астына түсу арқанымен жүзеге асырылады. Су астында жару жұмысын жағадан жүргізгенде сүңгуірді түсіру жүру арқаны бойынша жүргізіледі. Сүңгуірге сигнал немесе қандай да бір басқа арқанмен заряд беруге жол берілмейді. Қаптамадағы және қаптамасызэлектр детонаторы немесе детонациялайтын бауы жоқ жарылғыш заттар мен дайын зарядтыкендір арқанмен беруге жол беріледі.

Сүңгуірді зарядпен түсіру кезінде сымды (детонациялық сымды) шлангпен (кабельмен) немесе сигнал ұшымен шатастырмайтындай етіп алынады.

93. Сүңгуіргезарядтытек жару жұмысының жетекшісі – су астына түсу командирі тек қолына береді. Сүңгуір қолына бірнеше заряд беруге жол берілмейді. Сүңгуірге бірнеше шағын заряд бергенде (жалпы салмағы 20 килограммға дейін) олардышлюпкадан берілетін ұяшығы бар себетке салынады. Электрдетонатормен немесе жарылғыш сыммен жабдықталған зарядты орнатқаннан кейін оның сымы (жарылғыш сым) заряд жанында бекітілуге тиіс. Сүңгуір су бетіне шықпас бұрын оның сымға немесе детонациялық сымға ілінбегеніне және оның шлангісі (кабель, сигнал ұшы) тазаекеніне көз жеткізеді. Су бетіне (жағалауға) шыққаннан кейін су астына түсу командирі сүңгуірді тексеріп, сымның (жару сымы) зарядтан немесе зарядтың өзі су бетіне шығарылмағанына көз жеткізеді. Объектіде орнатылған заряд қалқымамен белгіленеді.

94. Аралық детонаторы жоқ ұзындығы үлкен зарядты өздігінен жүрмейтін жүзу құралының артқы жағынан оларды төсеу жолы бойынша сүйреп апаруға немесе мұз астында жұмыс істегенде арқанмен мұз астына тартуға жол беріледі. Мұндай заряджойғышарқылы жарылады. Үлкен заряджаруқұралынсыз да салынады.

Электр жарылғыш желінің жарамдылығын тексеру, оны ток көзіне қосу тек сүңгуір мен қауіпті аймақтағы барлық адам судан көтерілгеннен (жағаға шыққаннан) кейін және шлюпка пен қамтамасыз етуші жүзу құралы қауіпсіз аралыққа бөлінгенде жол беріледі.

Жүзу құралы үшін қауіпсіз аралық $R_{п}$ (метр) құрайды

$$15\sqrt{M}$$

, мұндағы M -жарылғыш зарядтың массасы, кг, бірақ кемінде 100 метр.

95. Су астында жару кезінде сүңгуір жұмысына және адамдардың суда болуына тек формула бойынша айқындалатын жару орнынан қауіпсіз аралықта жол беріледі:

$$R_{л} = 250\sqrt[3]{M},$$

мұндағы $R_{л}$ – қауіпсіз аралық, метр;

M – суда жарылатын заряд массасы, килограмм.

96. Зарядты жаруға тек жару жұмысының жетекшісі – су астына түсу командиріне жол беріледі. Жару алдында барлық қажетті қауіпсіздік шаралары қабылданғанына, барлық сүңгуір судан шыққанына және қауіпті аймақтың қорғалғанына көз жеткізу керек. Қауіпті аймақтың радиусы екі есе қауіпсіз аралықтан кем болмауы керек.

Заряд жарылғанға дейін жағалауда немесе мұзда орналасқан жеке құрам, сондай-ақ өздігінен жүретін техника, корабль (кеме) мен шлюпка қауіпсіз аралыққа кетеді, оны жұмыс жетекшісі алдын ала орнатады.

97. Сүңгуірге заряд берілгенде "Н" туы корабль (кеме) үшін алдағы жару туралы сигнал ретінде көтеріледі.

Егер сүңгуірлік су астына түсу жүргізілген басқа корабль (кеме) көтерілген сигналға өзінің ескерту сигналын түсіру арқылы жауап бергенге дейін зарядты жаруға жол берілмейді, яғни сүңгуір судан көтерілді.

98. Оқ-дәрілердің болуы мүмкін суға батқан корабльді (кемені) бөлшектеу бойынша жару жұмысын орындау кезінде оқ-дәрілердің ықтимал жарылуының алдын алу үшін шара қабылдау қажет.

Суға батқан кемеден 100 метр радиустағы акватория минаның, снарядтың және басқа да жарылғыш заттардың болуын болдырмау үшін зерттеледі.

99. Заряд жарылғаннан кейін сым ток көзінен ажыратылып, қысқа тұйықталып, судан шығарылып, орамға оралады.

Егер жару болмаса, сүңгуірдің зарядты және одан әрі жұмысты тексеру үшін су астына түсуіне сымды ток көзінен ажыратқаннан кейін жол беріледі:

1) 5 минуттан кейін – жылдам әрекет ететін электр детонатор қолданылған жағдайда сымды ажыратқаннан кейін;

2) 15 минуттан кейін – баяу әрекет ететін электр детонатор қолданылған жағдайда сымды ажыратқаннан кейін;

3) 30 минуттан кейін – механикалық сақтандырғышты қолданғанда;

4) арнайы мина үшін уақыт пайдаланылған сақтандырғыш сипаттамасы мен қондырғысына сәйкес – болжамды жарудың қос уақыты өткеннен кейін айқындалады.

Жарылмаған зарядты жоғары көтеруге жол берілмейді. Істен шыққан заряд басқа зарядпен жарылуы керек. Егер істен шыққан зарядты бірден жару мүмкін болмаса, зарядтың жанында су астындағы зарядтың болуы туралы ескертетін қалқыма (меже) қойылады.

100. Найзағай кезінде су астында жару жұмысына жол берілмейді. Егер найзағай басталғанға дейін сүңгуір зарядын жару мүмкін болмаса, онда магистральдық сымның ұшы мұқият оқшауланып, өсімдіктен жасалғанарқанда (репе қалқымасы) қалқымамен және балластпен жерге түсірілуі керек. Жұмыс қайта басталғанға дейін корабль (кеме), катер, шлюпка және адамдар қауіпті аймақтан шығарылады.

101. Жару жұмысы екі баллдан жоғары толқу кезінде немесе төрт баллдан жоғары жел кезінде, найзағай, тұман жақындағанда, көрінудің қатты нашарлауы кезінде тоқтатылады. Жағалаудан немесе мұздан жару жұмысын орындағанда зарядты беру, жеткізу және салу қағидалары корабльден (кемеден) және катерден жасалған жұмыс сияқты болады.

Түнгі уақытта су астында жару жұмысына (арнайы бөлікті қоспағанда) жол берілмейді.

6-параграф. Су басқан үй-жайдағы жұмыс

102. Су басқан бөлімде (үй-жайда) жұмысты бастамас бұрын тар жердесүңгуірге алдағы жұмысты орындау тәртібі, қағидалары мен реттілігі, қауіпсіздік қағидаларын сақтау туралы нұсқау беріледі.

Су басқан үй-жайда жұмысты бастаралдындасүңгуірбір типтес үй-жайдың құрылымын зерделейді.

103. Корабльдің су басқан бөлігінде сүңгуірлік жұмыс кезінде екі сүңгуір бір уақытта түседі. Бір сүңгуір жұмысты орындайды, ал екіншісі бөлікке кіреберісте және жұмыс істеп тұрған сүңгуірдің шлангісі мен кабелінің босаңсуын қамтамасыз етеді. Суасты жұмысын келтіру кезінде телефон байланысы мен су астында жарықтандыру құралын пайдалану міндетті болып табылады.

Топырақтағы корабльдің (кеменің) үй-жайына түсуден бұрын сүңгуір жұмыс орнына қарай жүріс арқанынан ұстайды.

Ішкі үй-жайда жаракат алуды немесе жабдықты зақымдауды болдырмау үшін сүңгуірдің оның үстіндегі механизм мен заттарға қол тигізуге жол берілмейді. Көршілес немесе үй-жайдан жоғарыда орналасқан ауыр заттардың құлауын болдырмау үшін есік пен люкті ақырын ашу керек.

104. Су басқан трюмде және басқа да үй-жайда жүкті кесу кезінде жұмыс істейтін сүңгуір өз шлангісі мен кабелінің тазалығын мұқият қадағалауға тиіс. Жүкті босатып, жұмыс істейтін сүңгуір мүмкіндігінше көтергіш құрылғының босаңсуын тартады,

палубаға көтеріледі, сол жерден жүктің көтерілуін бақылайды. Сүңгуірге көтерілетін жүк немесе кабель (шланг) шырмалып қалған жағдайда жүкті көтеру дереу тоқтатылады, ал кабель (шланг) ілмектен босатылады.

Жүк трюмнің люгінен шыққаннан кейін сүңгуір арқанүзілгенде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін аралыққа шетке шығады, одан кейін жүкті су бетіне көтеруді жалғастыруға жол беріледі. Сүңгуір командасынсыз көтергіш арқанды босатуға немесе жинауға, сондай-ақ сүңгуір су астында болғанда жұмыс жүргізіліп жатқан корабльді жылжытуға жол берілмейді.

Түсіру жұмысын теңіз толқыны екі баллға дейін болғанда жүргізуге жол беріледі.

7-параграф. Топырақты шаю жұмысы

105. Екі немесе одан да көп сүңгуір жұмыс істеген жағдайда топырақты шаю құралымен топырақта тұрған корабль корпусы астындағы тоннельді шаю кезінде олардың арасындағы аралық кемінде 10 метр болуға тиіс. Сүңгуірдің әрекеті үнемі келісіліп отырады. Сүңгуірдің қысымдағы гидравликалық бөшкені қолынан босатуына жол берілмейді.

Шұңқырды шаю кезінде топырақтың құлауын болдырмау үшін беткейі шөгіндіден жасалады.

Гидравликалық бөшкеден ағын сүңгуірге қарай бағытталады.

Тоннельді шаю кезінде сүңгуір шайылған топырақтың оның артында қалмауын және тоннельден шығатын жолды басып қалмауын қадағалап отыруы керек, ол үшін су ағыны кейде шығуға бағытталады.

106. Қарапайым саптамасы бар гидравликалық бөшкені пайдаланғанда бөшкені бұрандалы зәкірге немесе балластқа ұшымен бекітеді.

Гидромонитормен жұмыс істегенде оның қысым шлангісіне бөшкеден 3 метрден аспайтын аралықта жүк бекітіледі.

Сүңгуір топырақтағы шайылған жерді тексергенде гидромонитор шлангісіндегі судың қысымы толық алынады.

107. Тоннельді шаю бойынша топырақты шаю құралымен жұмыс істейтін сүңгуірді үйіндінің басып қалмауы үшін су астына түсу орнында осындай үйіндіні жою үшін қолдануға дайын құрал (топырақ сорғыш, эжектор, өрт магистралінен шлангісі бар өрт сөндіру түтігі) болады.

108. Пневматикалық топырақ сорғымен жұмыс істегенде сүңгуір оны бұрандалы зәкірге немесе балластқа мықтап бекітіледі. Егер пневматикалық топырақ сорғысы нашар бекітілген болса, онда оны сүңгуірмен бірге су бетіне (қабылдау тесігі бітеліп қалғанда), одан кейін жерге тастауға болады.

Топырақ сорғышпен бірге су бетіне шыққан сүңгуірдің құлап кетуіне жол бермеу үшін кабель-шланг байламы жиналады.

Су бұрғышшлангімен сорғы қапсырмасы кабельарқылы бекітіледі. Субұрғышшлангісі мен топырақ сорғысының қапсырмасында топырақ сорғыны кейіннен тереңдету және оны су астында еркін жылжыту үшін босаңсытып қолданылады.

109. Топырақ сорғысының келте құбыры бітеліп, оның су бетіне шығу қаупі төнгенде сүңгуір сорғыштан алыстап, сорғышқа ауа беруді тоқтату туралы бұйрық беріледі.

Топырақ сорғысының торын (пневматикалық немесе су ағыны) оларға ауа немесе жұмыс суын беру толық тоқтатылғаннан кейін ғана тазартуға болады.

Топырақ сорғымен жұмыс істегенде, сүңгуір өз шланг-кабелінің топырақ сорғысының шлангісіменшырмалып қалмауын бақылайды.

8-параграф. Қараңғыда, төмен және нөлдік көрініс жағдайында сүңгуірлік түсу

110. Анағұрлым тәжірибелі сүңгуір тәуліктің қараңғы уақытында және төмен және нөлдік көріну жағдайында жұмыс істеуге жіберіледі. Жұмысты бастамас бұрын оларға осы жұмыс кезінде қолданылатын қауіпсіздік қағидалары туралы нұсқау беріледі. Сүңгуірді түсірер алдында су бетінде су астында қажетті әрекет ету үшін жұмыс күйіне жақын жағдайда жаттықтыру өткізіледі. Жаттықтыру мен жұмыс телефон немесе гидроакустикалық байланысты қолданумен жүргізіледі.

111. Сүңгуірлік түсуді тәуліктің қараңғы уақытында орындағандасүңгуірлікжабдықты дайындау, сүңгуірдің киінуі, су астына және жұмыс жүргізілетін жердің үстіне түсу орнын, сондай-ақ су астына түсуді қамтамасыз ететін бекеттерге негізгі және авариялық жарық беру қамтамасыз етіледі.

112. Сүңгуір қолданатын аспаптың шәкілінде (манометр, тереңдік өлшегіш, сағат, компас, лаг) люминесцентті жабын немесе көмескі жарық болады. Су астына түсетін және сақтандырғышсүңгуірде қараңғыда су астына түскенде өздерімен бірге сүңгуірліккол шамы болады.

Жұмыс жүргізілетін орында жұмыс үшін анағұрлым ыңғайлы жағдайда бекітілетін суасты шамы іске қосылады.

113. Тәуліктің қараңғы уақытында және төмен көріну жағдайында жұмыс кезінде сүңгуірді түсіру тек түсіру (жүріс, тіреу) арқаны бойынша жүргізіледі. Жүріс арқанынанағұрлым тәжірибелі сүңгуір жұмыс орнына дейін алып жүреді.

9-параграф. Корабльдің биік бортынан немесе ұшу аппаратынан (тікұшақтан) су астына түсу

114. Корабльдің биік бортынан су астына түсу қозғалтқыш толық тоқтатылғанда және борттың биіктігі су деңгейінен 5 метрден аспағанда жүзеге асырылады.

115. Су астына түсуге дайындық толық көлемде корабль бортында орындалады. Сүңгуір аяққа киілетін ескек пен бетпердеде борттың жиегіне (қоршаумен немесе шектегішпен қоршалмаған) келіп, аппаратқа қосылады және су астына түсуге әзірленіп, тік күйінде аяғын төмен қаратып, борттың сыртына адым басады, сол қолыментыныс алу аппаратының тиек бұрандасын ұстайды, тікқұлау осінде денесін тең қалыпта ұстау үшін оң қол жоғары созады. Суға кіру аяққа киілетін бір ескегімен екіншісін жауып жүзеге асырылады.

Кезектегі сүңгуір алдыңғысы жүзіп шыққаннан кейін және аға нұсқаушымен көзбен көру байланысын орнатқаннан кейін су астына түседі.

116. Биік борттан суға түсуге жаттықтыруды бассейнде тыныс алу аппаратынсыз, аяққа киілетін ескекті киіп, биіктігі 3 метр трамплиннен секіріп бастаған жөн. Тұрақты дағды алғаннан кейін биіктігі 6 метр трамплинге ауысып, кейіннен 9 метрлік мұнарадан секіру керек.

117. Қалықтау режимінде тұрған тікұшақтан су астына түсу 3-5 метр биіктіктен жүргізіледі. Аяққа киілетін ескекпен бетперденен басқа сүңгуірлік жабдықты кию және тексеру тікұшақ алаңында жүзеге асырылады.

Десант түсіру ауданына шыққаннан кейін нұсқаушы "Дайындал, аяққа киілетін ескекпен бетпердені ки" деген команда береді. Сүңгуір сүңгуірлік жабдықты киіп, рампаға жақындайды, сол қолымен тыныс алу аппаратының тиек бұрандасын ұстайды, оң қолымен тікұшақ тұтқасынан ұстап, басын изеумен дайын екені туралы баяндайды.

Сүңгуір сол аяғымен тікұшақ бортынан итеріліп, оң аяғымен борттан бір адым жасап, суға секіреді. Қолы мен аяғының қалпы корабльдің жоғары бортынан секіргенмен бірдей қалыпта болады.

118. Суға кіргеннен кейін сүңгуір тыныс алу аппаратының жұмысын тексереді, жүзіп шығады да шартты сигнал арқылы аға нұсқаушыға аппараттың қалыпты жұмыс істеп тұрғаны туралы баяндайды.

Кезектегі сүңгуір алдыңғысы жүзіп шыққаннан кейін және аға нұсқаушымен көзбен көру байланысын орнатқаннан кейін су астына түседі.

119. Тікұшақтан оқу-жаттығу суға түсуін өткізгенде қамтамасыз ету тобы десант түсіру ауданына 1 сағат бұрын шығарылады.

10-параграф. Парашютпен суға түскеннен кейін су астына түсу ерекшеліктері

120. Сүңгуірлік жабдықпен парашютпен секіругесүңгуірлік жабдықсыз парашют жүйесінің осы түрінен парашютпен секіруді жақсы меңгерген жеке құрам жіберіледі. Парашютпен суға түскеннен кейін су астына түсу үшін кеудеде орналасатын тұйық циклді тыныс алу аппараты қолданылады. Су астына түсу ауданына парашютпен секіру үшін арнайы мақсаттағы "қанат" типтес парашют жүйесі қолданылады.

121. Тыныс алу аппаратын дайындау мен тексеру ұшақ (тікұшақ) бортына отырғызар алдында жүзеге асырылады. Сүңгуір сүңгуірлік жабдықты киеді, бетперде

тексерілгеннен кейін жорықтық күйіне ауыстырылады. Аяққа киілетін ескек аяққа мықтап бекітіледі.

Парашют жүйесі сүңгуірлік жабдықты дайындап, тексергеннен кейін сүңгуірлік жабдықтың үстіне киіледі.

122. "Дайындал" командасы десант түсіру ауданына шығуға 5 минут қалғанда беріледі. Шығарушы нұсқаушының командасы бойынша сүңгуірлер бетперде киеді, аппаратқа қосылады, тыныс алу аппаратының қолданыс қабілетін тексереді және десантталу қалпын қабылдайды.

Десантталуға әзірлігі туралы сүңгуір шығарушы нұсқаушыға белгіленген сигналмен баяндайды. Шығарушының командасы бойынша сүңгуір ұшақтан (тікұшақтан) секіреді

123. 300 метрге дейінгі биіктікте сүңгуір қалқып тұратын теңестіру кеудешесін толық қалқу режиміне дейін толтырады және суға түсуге әзірлене бастайды.

Суға түскеннен кейін сүңгуір тез қимылдап, аспалы парашют жүйесінен босанып, аяққа киетін ескекті киеді, парашют жүйесін ранецтен ұстап, парашют арқаны мен күмбезінің қауіпсіз созылуын қамтамасыз етіп, қону нүктесінен әрі жүзіп кетеді.

124. Парашют арқанына немесе күмбез матасына шырмалып қалған жағдайда қалыпты тыныс алу қарқынын сақтап, парашюттің ілініп қалған элементтерінен асықпай босанады, одан бір жаққа кетеді. Шырмалып қалудан босану мүмкін болмаған және күмбездің батып кету қауіп туындаған жағдайда пышақты қолдану керек.

125. Қамтамасыз ету тобы қысқа мерзімде сүңгуірді алып шығуды қамтамасыз етеді. Аға нұсқаушы сүңгуірдің корабль (кеме) бортына сенімді бекінуін қамтамасыз етеді, нұсқаушының көмекшісі судан парашют жүйесін шығарып алады, ал сақтандырушы сүңгуір (сүңгуірлік жабдықты киіп) тез арада су астына түсуге дайын болады.

5-тарау. Сүңгуірлік жабдықты және техникалық құралдарды күтіп-ұстау, қызмет көрсету

1-параграф. Сүңгуірлік жабдықты және сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ететін техникалық құралды орналастыру және күтіп-ұстау. Сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ететін кейбір құралға қойылатын талаптар

126. Штаттық сүңгуірі бар және су астына түсуге арналған бекетпен жабдықталған корабльде сүңгуірлік жарақ пен сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ету құралы сүңгуір бекетінің үй-жайында орналастырылады.

Сүңгуірлік жабдық пен жабдық элементтерінің бір бөлігін (шланг, дулыға, телефон байланысы кабелі, түсіру, жүру және сигнал беру арқаны) жоғарғы палубада қапталған түрінде орналастыруға жол беріледі.

127. Сүңгуір бекетінің үй-жайы сүңгуірдің суға түсу орнынан мүмкіндігінше аз аралықта сүңгуірдің борт сыртына суға түсу орнына палубаға шығуына ыңғайлы болып орналасады. Үй-жай сүңгуірлік жұмысты орындау үшін қажетті сүңгуірлік жабдық пен

құралды орналастыру мүмкін болатындай құрғақ, жылытылатын болады және суға түсуге дайындалатын сүңгуірдің жабдықты кию мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Сүңгуірлік бекет үй-жайында сүңгуірлік техникаға жатпайтын мүлік пен материалды сақтауға жол берілмейді.

128. Штаттық сүңгуір жоқ және сүңгуір бекетінің арнайы үй-жайы жоқ корабльде сүңгуірлік жабдық пен суға түсуді қамтамасыз ететін құралды сақтау үшін сүңгуірлік мүлікті сақтау талаптарына жауап беретін сүңгуір қоймасы (қоршау) жабдықталады.

Сүңгуірлік техника сақталатын үй-жайға оның қарамағына кірмейтін адамдардың кіруі шектеледі, суға түскеннен кейін үй-жай жабылады және мөрленеді.

129. Сүңгуірлік бекетте сақталатын сүңгуірлік жабдық пен сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ету құралы оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көзделген қолданысын тексеру орындалғаннан кейін толық жиынтықта, жарамды және пайдалануға дайын күйде болады.

Ақаулы сүңгуірлік жабдық, мүлік және аспап, сондай-ақ ақаулы сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ететін құрал "ақаулы" деген таңбамен бөлек сақталады.

130. Сүңгуірлік жабдық пен сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ету құралын сақтау құрама мен бөлімнің қоймасында және жағалау базасында сүңгуір аппаратын пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес ұйымдастырылады.

131. Корабльдегі оттегі баллоны газы бар баллоннан бөлек сақталады. Оттегі баллонын сақтау орны сору желдеткішімен жабдықталады.

Газ бен газ қоспасын бір үй-жайда сақтағанда баллон секция болып орналастырылып, тиісті түрде таңбалаумен ("Гелий", "Азот") бекітіледі.

132. Химиялық заттар, оттегі сорғысы, бақылау-өлшеу аппаратурасы және газды талдау аспабы сору желдеткішімен жабдықталған әртүрлі үй-жайда орналастырылады және сақталады.

Осы мақсат үшін бөлек бөлме бөлу мүмкін емес объектіде тиісті қоршау жасалады.

Көрсетілген үй-жайда басқа жабдықты бірге сақтауға рұқсат етілмейді.

133. Тыныс алу аппаратының регенеративті патроны зарядтау және разрядтау үшін мыналармен жабдықталған жеке үй-жай көзделеді:

- 1) суды ағызу жүйесі бар ванна бөлмесі;
- 2) регенеративті патронды кептіруге арналған желдеткіші бар калорифер;
- 3) химиялық заттарды елеу кезінде шаңды кетіру үшін автономды мәжбүрлі сору желдеткіші;
- 4) жоғарыда көрсетілген патронды зарядталғаннан кейін үрлеуге арналған орташа қысымды ауа жүйесінен шлангысы;
- 5) разрядталған патронды жууға арналған тұщы су беру жүйесі.

Патронды разрядтау үшін химиялық заттардың бейтараптандырғыш ыдысы көзделеді.

Тыныс алу аппаратының регенеративтік артрид жін зарядтау және разрядтау ашық ауада да жүргізіледі. Регенеративті затты елеп, разрядтау дененің ашық жеріне шаң түспейтіндей желдің бағытын ескеріп жүргізілуі керек.

134. Ішкі бетте ылғал болғандарегенеративтіпатронды зарядтауға жол берілмейді.

Пайдаланылғанды ауыстыруға арналған қосалқы регенеративтіпатрон зарядталғаннан кейін ауамен үрленіп, келтеқұбыры (кіріс және шығыс) сөндіріледі.

135. Жартылай пайдаланылмаған регенеративті заты және химиялық сіңіргіші бар ыдысгерметизацияланады, пайдаланылған зат жойылады.

Пайдаланылған регенеративті зат пен химиялық сіңіргішті сақтауға жол берілмейді.

136. Сүңгуірлік тыныс алу аппараты су астына түскеннен кейін тұщы сумен жуылып, кептіріледі. Аппарат торабы мен корпусында пайда болатын тұз бен тотық қалдығы сүңгуір аппаратын пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес аппаратты мерзімді қарау және тексеру кезінде алып тасталады.

Сүңгуірлік тыныс алу аппаратының клапан қорабы (тыныс алу автоматы) су астына түскеннен кейін бөлшектеліп, барлық бөлшек пен гофрленген тыныс алу және дем шығару түтігі тұщы сумен жуылып, кептіріледі, регенеративтіпатронразрядталады, тұщы сумен жақсылап жуылып, кептіріледі және зарядтауға дайындалады.

137. Қойылған міндетті шешу үшін пайдалануға дайын сүңгуірлік тыныс алу аппараты зарядталады, сөндіріледі және штаттық орынға салынып қойылады. Аппаратты қайта зарядтау оны пайдаланғаннан кейін, бірақ кем дегендемынадай болып жүргізіледі:

1) жылына 1 рет – оттегімен және (немесе) тыныс алу қоспасымен зарядталатын аппарат;

2) тоқсанына 1 рет – ауамен зарядталатын аппарат.

Оттегімен және газ мен зарядталған баллон клапанының штуцері оны сақтау және жеткізу кезінде сөндіріледі.

138. Сүңгуірлік жабдықтың металдан жасалған құрамдас элементтері (дулыға, жүк, галаш) су астына түскеннен кейін кірден тазартылып, тұщы сумен жуылады, өзінің штаттық орнына салынып қойылады.

Дулығаның сыртқы бетін металл затты тазалауға арналған жақпамайды немесе сұйықтықты қолданумен тазалауға жол беріледі. Осы мақсатта зімпараны, құмды қолдануға жол берілмейді.

139. Су астына түсу, жүру және сигнал арқаны су астына түскеннен кейін кептіріліп, бумаға немесе шырғағышқа оралады, тыс кигізіліп, жабық үй-жайға қойылады.

140. Сүңгуірлік жұмыс үшін пайдаланылатын құрал-сайман шүберекпен сүртіліп, кептірілгеннен кейін майланады және штаттық орынға қойылады.

Жабдық бастапқы күйге келтіріліп, жорықтық бойынша босатылады.

141. Сүңгуірлікжежде, гидрокомбинезон мен гидрокостюм су астына түскеннен кейін тұщы сумен жуылып, сыртынан және ішінен кептіріледі.

142. Сүңгуірлік жабдықтың барлық резеңке бұйымы мен резеңке бөлігі сақтау кезінде күн сәулесінің, жанар-жағармай материалының тікелей әсерінен бүркемеленеді, ал үй-жайға орналастырған кезде жылыту аспабынан 2 метр алыс қойылады.

143. Сүңгуір шлангісісу астына түскеннен кейін ауамен үрленеді, шлангінің штуцері таза шүберекпен байланып, ағаш төсемдегі бумаға, шырмағыш барабанға немесе себетке салынады және кептірілгеннен кейін тысқа салынады.

144. Сүңгуірдің жылудан қорғайтын киімі (электр және су жылыту костюмі, жүннен жасалған сүңгуір іш киімі жиынтығы, жылытқыш, теріден жасалған шұлық) сүңгуір бекеті үй-жайының(қоймасының) рундугында немесе шкафында таза және жақсы кептірілген күйде сақталады.

Майлауды қажет ететін бұйым мен бөлшек (бекіткіш, тоға, былғары бөлігі) кептірілгеннен кейін сүңгуір жабдығын пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес майланады.

145. Сүңгуірлік телефон станциясы су астына түсу аяқталғаннан кейін қуат көзінен ажыратылады, ал кіріс штепсельдік ажыратқышына тығын бұралады.

2-параграф. Сүңгуірлік жабдыққа және сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ететін техникалық құралға регламенттік қызмет көрсету және дезинфекциялау

146. Сүңгуірлік техниканы, сүңгуірлік жабдықты, сүңгуірліксу астына түсуді жүргізу және қамтамасыз ету үшін арналған мүлік пен жабдықты мерзімді қарау және тексеру осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

147. Сүңгуірлік мүлікті, бекетті ұстауға жауапты әскери қызметші бекетте тәртіптің сақталуын және мүліктің тазалығын бақылайды, олардың жанар-жағармаймен және басқа материалмен ластануына жол бермейді, бұл жабдықтың резеңке-мата бұйымының бүлінуіне, металл бөлігінің таттануына және мерзімінен бұрын істен шығуына әкеледі.

148. Сүңгуірлік жабдық пен сүңгуірліксу астына түсуді қамтамасыз ету құралын дезинфекциялау сүңгуірдегі жұқпалы және тері ауруының алдын алу мақсатында, сондай-ақ келесі жағдайда ластануды жою үшін жүргізіледі:

- 1) қоймадан алғаннан кейін;
- 2) жыл сайынғы толық тексеруден кейін;
- 3) сүңгуірліксу астына түсу қауіпсіздігіне әсер ететін ластану кезінде және пайдалану процесінде жөндеуден кейін;
- 4) жабдықты пайдаланған сүңгуірде жұқпалы ауру болған жағдайда;
- 5) әрбір су астына түсер алдында;
- 6) пайдалану процесінде су астына түсудің белгіленген саны арқылы кезең-кезеңімен.

149. Дезинфекциялауға жататын сүңгуірлікжабдық торабы мен бөлшектері мұқият тазаланады, содан кейін Цельсий бойынша+ 40-50 градус температураға дейін

салқындатылған қайнаған сумен жуылып, кептіріледі (ауамен үрленеді). Тазалау үшін алдымен сабынды, содан кейін таза су қолданылады.

Тыныс алу қапшығын, регенеративтіпатронды, тыныс алу автоматын, редукторын, шлангісін, құбырды дезинфекциялау спирт құю арқылы жүргізіледі.

Дулыға, бетперде, жартылай бетперде, тыныс алу түтігі, ернемекпен жейденің жаға астарыспиртке малынған тампонмен сүртіліп дезинфекцияланады.

Тампонды таза шүберектен немесе дәкеден жасауға жол берілмейді. Жабдықты дезинфекциялау кезінде тампон жасау үшін гигроскопиялық мақтаны қолдануға жол берілмейді.

Спирт құюмен дезинфекцияланатын сүңгуірлік жабдық пен сүңгуірліксу астына түсуді қамтамасыз ету құралының торабы мен бөлшегі дезинфекцияланғаннан кейін қайнаған сумен жуылады, ауамен үрленеді және мұқият кептіріледі, ал сүртумен дезинфекцияланатыны таза құрғақ тампонмен сүртіледі. Дезинфекциядан кейін торап пен бөлшекте шүберек немесе дәке жібінің қалуына жол берілмейді.

150. Шаруашылық-тұрмыстық ағынды сумен ластанған суға түскеннен кейін сүңгуір жейдесі, гироскомбинезон, гидрокостюм, тыныс алу аппараты, шланг, сүңгуірлік жабдықтың басқа бөлігі және сүңгуірліксу астына түсуді қамтамасыз ету құралы таза сумен және сабынмен жуылады, содан кейін сүртіледі немесе 0,5 пайыз хлорлы әк ерітіндісімен, таза сумен жуылып, сүртіледі.

151. Шланг желісін дезинфекциялау оны бөлшектемей, мынадай тәртіппен жүргізіледі: Цельсий бойынша +40-50 градус температурада тұщы сумен жуылады, ауамен үрленеді, содан кейін спиртпен және қайтадан тұщы сумен жуылады, содан кейін қайтадан ауамен үрленеді. Шлангініңбос штуцері таза шүберекпен байланады.

152. Клапан қорабы бөлшектенеді, Цельсий бойынша+40-50 градус температурада қайнаған сумен жуылып, шүберекпен және спиртке малынған тампонмен сүртіледі. Құрастыру кезінде клапанның айқаратопсасында, ершігінде және клапанның өзінде клапанның герметикалығын бұзуы мүмкін шүберек немесе дәке жібінің қалмауын қадағалау керек.

153. Дем алу және дем шығару түтігі мен тыныс алу қапшығы қайнаған сумен жуылады, содан кейін спиртті оның ішіне құйып, ішкі бетіне біркелкі таратумен дезинфекциялайды.

Спиртпен өндегеннен кейін түтік пен тыныс алу қапшығы қайнаған сумен жуылып, кептіріледі.

154. Тыныс алу аппараты, редуктор, оттегі беру механизмі, шұра, іске қосқыш, кескіш, беру механизмі, жуу аппараты, ауыстырып қосқыш бөлшектенеді, бөлшек спиртпен жуылып, кептіріледі.

155. Инжекторлық құрылғы ажыратылады, диффузор спиртпен жуылып, содан кейін кептіріледі. Диффузорды жуу кезінде шүмектің зақымдануын болдырмайтын жұмсақ щетка қолданылады.

156. Регенеративті патрон тұщы сумен жуылып, кептіріледі және спиртті ішіне құйып, ішкі бетіне біркелкі етіп таратып дезинфекцияланады. Спирт қалдығы төгіліп, қорап (патрон) кептіріледі.

157. Газ беру пульті (басқару пульті) спиртпен майсыздандырылады, ол үшін сүңгуір шлангісі қашықтан басқару пультінен ажыратылады және тиекті шұрасы жабылады, жоғары және төмен қысымды манометр алынады, құбыртүтіккеспирт құйылады және пульт осы күйде 10-15 минутқа қалдырылады. Осыдан кейін тиекті шұра ашылып, барлық жолы оттегімен, азотпен немесе оттегі-гелий қоспасымен үрленеді.

158. Сүңгуір кешенінің ауа, оттегі-гелий және ауа-гелий желісі спиртпен майсыздандырылады. Ол үшін алып тастау пайымдалатын желі алып тасталады, бір ұшы тұйықталып, жолға спирт құйылады. Алып тастауға болмайтын желіде спирт ағып кетуі мүмкін барлық тесік бітеліп, желіге спирт құйылады. Осындай жағдайда желі 10-15 минутқа ұсталады. Содан кейін бітеуіш алынып, желі ауамен немесе оттегі-гелий қоспасымен үрленеді.

159. Ауа баллоны сілті жіберумен дезинфекцияланады. Штаттық орнынан алынған баллонға ыстық судағы каустикалық сода ерітіндісі құйылады (10 литр суға 200 грамм сілтілік КОН). Ішкі бетті жақсы тазарту үшін ерітінді бар баллон бірнеше рет аунатылады, содан кейін баллоннан сілтілі ерітінді құйылып, екі рет ыстық тұщы сумен жуылады, сығылған ауамен үрленеді, баллон орнына қойылады. Баллонның ішкі қабырғасында таттану болған жағдайда сілті жіберу кезінде оған ұсақ металл жоңқасы себіледі. Егер баллонды штаттық жерден алу мүмкін болмаса, оған сілті жіберіп, булайды, таза сумен жуады және орнында ауамен үрлейді.

160. Сүңгуірлік тыныс алу аппаратының жоғары және төмен қысымды құбыры алып тасталады, бір ұшы бітеліп, спирт құйылады. Осындай жағдайда құбыртүтік 10-15 минут ұсталады, содан кейін бітеуіш алынып, оттегі-гелий қоспасымен үрленеді.

161. Сүңгуір су астынатүскенде киетін сүңгуірдің жүннен жасалған іш киімі, жылылағыш және жылы киім заттары кем дегенде су астына 16 рет түскеннен кейін жуылады. Сүңгуірде инфекциялы және тері ауруы пайда болғандасүңгуірдің жүнне жасалған іш киімі, поролон жылылағышы, жылы киім заттары, электр және сумен жылыту костюмі дезинфекцияланады.

162. Жыл сайын сүңгуір помпасын толық тексергенде оның іргетасы мен ауа қабылдағыш арнасы алдымен сілтілі ерітіндімен (1 литр суға 5-6 грамм сілті), содан кейін Целсий бойынша +40-50 градус температураға дейін салқындатылған қайнатылған тұщы сумен жуылады, содан кейін кептіріледі.

163. Декомпрессиялық барокамера бөлігі ластанған кезде сабынды ерітіндімен дезинфекцияланады, содан кейін беті Целсий бойынша +40-50 градус температурада тұщы сумен жуылады.

6-тарау. Сүңгуірлік түсу мен жұмысты орындау кезіндегі қауіпсіздік шараларының жалпы талаптары

1-параграф. Ашық тыныс алу схемасы бар тыныс алу аппаратының шағын литражды баллонын ауамен толтыру және тұйық тыныс алу схемасы бар тыныс алу аппаратының баллонын оттегімен толтыру бойынша қауіпсіздік шаралары

164. Жалпы қауіпсіздік талаптары. Тыныс алу аппаратының шағын литражды баллонын тыныс алу газымен (ауамен немесе оттегімен) толтыру жұмысын қауіпсіз жүргізудің негізгі қағидалары мен тәртібі:

1) тыныс алу аппаратының баллонын жоғары қысымды компрессордан тыныс алу газымен толтыру үшін ұйым немесе кәсіпорын бойынша бұйрықпен тиісті даярлығы бар және рұқсат алған жауапты әскери қызметшілер тағайындалады;

2) тыныс алу аппаратын толтыру арнайы жабдықталған үй-жайда немесе тұрғын қызметтік үй-жайдан алыс ашық ауада жүргізілуі тиіс;

3) тыныс алу аппаратының баллонын тыныс алу газымен толтыру жоғары қысымды компрессордан, жеткізу баллонынан сығу компрессорымен айдаумен немесе олардан газды тыныс алу аппаратының баллонына жіберу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

165. Ашық тыныс алу схемасы бар сүңгуірлік тыныс алу аппаратының баллоны сығылған ауамен толтырылуға тиіс.

166. Ашық схемасы бар баллоны бар сүңгуірлік тыныс алу аппаратының баллонын оттегімен толтыруға жол берілмейді.

167. Тұйық тыныс алу схемасы бар тыныс алу аппаратының баллоны медициналық оттегімен толтырылуға тиіс.

168. Егер:

- 1) газбен жабдықтау жүйесін жалғағыштың герметикалығы бұзылса;
- 2) манометрі ақаулы немесе оны тексеру мерзімі өтсе;
- 3) тыныс алу аппаратының шағын литражды баллонын кезекті сынау мерзімі өтсе;
- 4) компрессор мен газбен жабдықтау жүйесінің сақтандыру клапаны ақаулы болса;
- 5) компрессор ақаулы болса, тыныс алу аппаратының баллонын тыныс алу газымен толтыруға жол берілмейді.

169. Жалғағышты тек газ қысымы толық төмендетілгеннен кейін тарту керек.

170. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы арнайы нұсқауды қоспағанда, электр жетегі бар компрессорға барлық қызмет көрсету (жөндеу) жұмысы тек ол қуат көзінен ажыратылғаннан кейін жүргізіледі.

171. Егер компрессордың соңғы қысымы толтырылған баллонның шекті жұмыс қысымынан жоғары болса, компрессордан баллонға құбыр желісінде шағын литражды баллонның жұмыс қысымына тең болатын қысымға реттелген сақтандыру клапаны орнатылуға тиіс.

172. Оттегі мен ауаны кезектесіп айдау үшін толық сығымдау компрессорын пайдалануға жол берілмейді. Егер ауа айдалғаннан кейін оттегімен жұмыс істеу үшін компрессорды қолдану қажет болса, онда оны бөлшектеп, құбыр желісін, манометрі мен арматурасын қоса алғанда, барлық бөлшегін тазалау керек.

173. Тыныс алу аппаратының баллонын зарядтау нәтижесі баллондағы тыныс алу газының күнін және қысым көлемін көрсетіп, аппараттың формулярында тіркеледі және оны толтырған әскери қызметші қолқояды.

174. Жұмыс басталар алдындағы қауіпсіздік талаптары. Компрессордың жарамдылығын және жұмысқа әзірлігін тексеру, ол үшін:

- 1) компрессор мен оның жетегінің сыртқы жай-күйін тексеру;
- 2) майдың бар-жоғын тексеріп, қажет болса нормаға дейін толтырып құю;
- 3) манометрдегі және су-май бөлгіштегі ауа үрлеу шұрасын ашып, иінді білікті қолмен 3-5 айналымға бұру;
- 4) суытатын судың кіретін және шығатын құбыр желісіндегі шұрананы ашу (тек су салқындатқыш компрессордағы);
- 5) манометрдің, арматураның ақаусыздығына және блогтың сенімді бекітілуіне назар аударумен тазалау және кептіру блогының сыртқы жай-күйін қарап-тексеру тексеру;
- 6) соңғы зарядталғаннан кейін тазалау блогы арқылы өткізілген ауа мөлшерін есепке алу жазбасы бойынша нақтылау керек.

175. Магистральдық құбыр желісінің, сақтандыру клапанын тексеріп, ақаусыздығына көз жеткізу, манометрді тексеру мерзімінің аяқталмағанына көз жеткізу керек.

176. Оттегі баллонының қақпағын бұрап алуға және шұрасын балғамен немесе қашаудың көмегімен ашуға жол берілмейді. Қақпақ екі қолмен немесе арнайы кілтпен бұралып алынады. Шұрананы қолмен ашу керек және қажет болса, қатты күш жұмсамай кілтпен ашуға болады. Шұраға мұз қатқанда оны қайнаған суға малынған таза шүберекті жауып жылытуға болады.

177. Оттегі баллонын толық сығымдау компрессорының соратын құбыр желісіне жалғағанда редукторды штуцерге орнатар алдында:

- 1) баллон шұрасын қысқа уақытқа ашумен бөгде бөлшекті кетіру үшін штуцерді алдын ала ауамен үрлеу керек;
- 2) редукторда май мен жақпамайдың қалмауын, фибрлі төсеменің ақаусыздығын, баллон шұрасы қайырмалы сомынының және бұрау штуцері бұрамасының ақаусыздығын тексеру керек.

Редуктор орнатылғаннан кейін баллонның шұрасын баяу ашу керек. Шұраны ашқанда редукторға (манометрге) және құбыр желісінің шығатын ұшына қарсы тұруға тыйым салынады.

178. Тыныс алу аппаратының баллонын толтырар алдында оларды тексеріп, мыналарға көз жеткізу керек:

- 1) әрбір баллондағы жұмыс қысымы тексерілетін таңба болады;
- 2) баллонды кезекті сынау мерзімі өтпеген;
- 3) баллондағы шұраның ақаусыздығын тексеру;

4) әрбір баллонның корпусы зақымданбаған (жарық, қатты таттанужоқ, пішіні айқынөзгермеген).

179. Жұмыс уақытындағы қауіпсіздік талаптары. Компрессордың жұмысы уақытында:

1) бөгде дыбыс мен соғуды уақтылы анықтау үшін компрессордың жұмысын үздіксіз бақылау;

2) манометрдің көрсеткішін бақылау;

3) жеткізілетін су температурасынан Цельсий бойынша 15 градус температурастан аспауға тиіс компрессордан шығарылатын су температурасын жиі тексеру;

4) картердің сыртқы және бүйірдегі қақпағының температурасын жиі ұстап тексеру;

5) ауакомпрессорында цилиндрдің ішкі жұмыс бөлігін кезең-кезеңімен үрлеу. Цилиндрдің ішкі жұмыс бөлігін бірінші үрлеуді жүктемемен жұмысқа қосқаннан кейін 5 минут өткен соң, кейінгісін компрессордың тоқтаусыз жұмыс жасауымен әрбір 30 минут сайын жүргізу. Жалпы үрлеу уақыты – кемінде 3 минут.

180. Сүңгуірдің тыныс алу аппаратын зарядтау (тазарту блогын қолдануға қарамастан) компрессор соратын ауаға жетекті қозғалтқыштың пайдаланылған газының түсуін болдырмау үшін ерекше назар аударуды талап етеді. Бұл үшін соратын келтеқұбыр қауіпсіз аймаққа шығарылады.

181. Тыныс алу аппаратының баллоны белігенген жұмыс қысымына дейін толтырылады.

Баллонды зарядтау кезінде мынадай мән-жайды ескеру керек:

1) Цельсий бойынша температураның 1 градусқа өзгеруі баллондағы қысымды шамамен 0,05 мегапаскальға (шаршы сантиметрге 0,5 килограмм күш) өзгертеді;

2) газды сығу оның температурасын жоғарылатады, соған байланысты баллонды толтырғаннан кейін және оны қоршаған орта температурасына дейін салқындатқаннан кейін баллонды қайта толтыру қажет.

Температура жоғарылаған кезде баллон жасанды түрде суытылады немесе газдың бір бөлігі шығарылады.

182. Авариялық жағдайдағы қауіпсіздік талаптары. Компрессорды мынадай жағдайда дереу тоқтату керек:

1) күрт соғу немесе соққыпайда болғанда;

2) қандай да бір кезеңде қысым елеулі көтерілгенде және көтерілуі жалғасқанда;

3) салқындататын суды беру тоқтаған кезде;

4) газбен жабдықтау жүйесінде герметикалық бұзылғанда;

- 5) компрессорда қауіпсіздік клапаны іске қосылғанда;
- 6) қорғаныш мембрана зақымданғанда (егер ол орнатылған болса);
- 7) кез келген манометр ақаулы болғанда;
- 8) картер қақпағы Цельсий бойынша 75 градустан астам қызғанда.

183. Жұмыс аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары. Компрессорды тоқтатқан кезде:

- 1) оны бос жүріске келтіру, ол үшін үрлеу шұрасын ашу және нығыздағыш құбыр желісіндегі бітеу шұрасын жабу керек;
- 2) компрессор қозғалтқышын ажырату (немесе жетек қозғалтқышын тоқтату);
- 3) салқындататын су құбырының шұрасын және үрлеу шұрасын жабу;
- 4) компрессордың сыртқы бетін шүберекпен сүрту қажет.

184. Сақтандырғыш баллоннан тыныс алу аппаратының шағын литражды баллонының заряды біткен кезде осы баллонның бітеу шұрасын жабу керек.

185. Толтырылған шағын литражды баллоннан нығыздағыш құбыр желісін тек түтік желісіндегі газ қысымы толық азайтылғаннан кейін ажырату керек.

2-параграф. Медициналық оттегімен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары

186. Медициналық оттегімен жұмыс істеуге нұсқаулықты зерделеген және оттегімен жұмыс істеуге рұқсат алған әскери қызметшілер ғана жіберіледі. Рұқсат жыл сайын бөлім командирінің бұйрығымен ресімделеді.

187. Оттегі шығарылғанда зауыт оған зертханалық талдау деректері бар паспорт береді. Оттегі зауыттан 40 литрлік (жеткізу) баллонда 15-20 мегапаскаль (шаршы сантиметрге 150-200 килограмм күш) қысыммен Цельсий бойынша 20 градус температурасы кезінде шығарылады. Құтының мойнында баллон нөмірін, сыйымдылығын, массасын, жұмыс және сынау гидравликалық қысымын көрсететін таңба, сондай-ақ инспектордың таңбасы мен баллонды кезекті куәландыру (сынау) күні болуға тиіс.

Сынау мерзімі өткен баллонды пайдалануға болмайды.

Оттегі жабдықтаушы органының қоймасынан алынғанда соңғысы паспорт немесе паспорттан үзіндіні беруге міндетті. Паспорт (үзінді) оттегі толық жұмсалғанға дейін бөлімшеде (корабльде) сақталады.

188. Оттегі баллонын соққыдан қорғау үшін олар арнайы төсемге реттеп қойылған түрде рессорлы көлікпен жеткізіледі. Әр баллонның шұрасын бұру штуцеріне тығын бекітіледі, ал шұраны сақтандырғыш қақпақшамен жабу қажет. Жеткізу баллонын қолмен тасымалдауға жол берілмейді. Баллонды тасымалдау үшін баллон үшін ұяшықтары бар арнайы зембилді пайдалану қажет. Баллонды бір жерден екінші жерге тасымалдағанда шұраны ұстауға жол берілмейді.

189. Оттегімен жұмыс істеуді бастау алдында қолды сабынмен жуу және киімнің жақпамаймен немесе тез тұтанатын заттармен ластанбағанын тексеру қажет. Жұмыс

құралы майсыздандырылады. Жарылуды болдырмау үшін оттегі баллонын майланған қолмен, майланған қолғаппен немесе ескі шүберекпен ұстауға және шұраны тез ашуға жол берілмейді.

Баллон оттегімен толтырылатын үй-жайда жанар және жағармай материалын, тез тұтанатын заттарды сақтауға және ашық от жағуға жол берілмейді. Оттегімен жанасатын заттарда өсімдік және жануар майының іздері болмауға тиіс. Оттегі баллоны жанында және баллон толтырылатын үй-жайда темекі шегуге тыйым салынады.

190. Оттегі баллонын пештен, электр машинасынан, трансформатордан 3 метрден жақын қашықтыққа қоюға жол берілмейді. Күн сәулесінің қызуынан қорғау үшін ашық ауада тұрған баллонды көлеңкеге орналастыру, кенеппен жабу және кезең-кезеңімен кенепке су құю керек.

191. Оттегі баллонының қақпақшасын бұрап алуға және шұрасын балғамен соғып немесе қашаудың көмегімен ашуға жол берілмейді. Қақпақшаны екі қолмен немесе арнайы кілтпен бұрап ашу керек. Шұраны қолмен және аса қажет болғанда көп күш-жігер жұмсамай кілтпен ашу керек. Шұра қатып қалған жағдайда оны қайнаған суға матырылған таза шүберекпен жауып жылытуға болады.

192. Баллондағы оттегіні толық жұмсауға (шығаруға) болмайды. Баллондағы қалған қысым оған атмосфералық ауаның кіріп кетуін болдырмау үшін кемінде 0,3 мегапаскаль (шаршы сантиметрге 3 килограмм күш) болуға тиіс. Оттегі қысымы кемінде 0,3 мегапаскаль (шаршы сантиметрге 3 килограмм күш) пайдаланылған баллонда "Бос" деген бормен жазылған жазу бар. Егер баллон шұрасының ақаулы болуынан оттегі пайдаланылмаған жағдайда баллонда "Абайлаңыз, шұрасы ақаулы, толық" деген жазу жазылады.

193. Редукторды шұраны бұру штуцеріне орнатар алдында баллон шұрасын қысқа мерзімге ашу арқылы бөгде бөлшектерден тазарту үшін штуцералдын ала үрленеді. Редукторды орнатар алдында онда жақпамай мен май іздерінің болмауы, сондай-ақ фибра төсемінің, сондай-ақ жаппа сомындағы және баллон шұрасын бұру штуцеріндегі бұrandаның ақаусыздығы тексеріледі.

Редукторды орнатқаннан кейін баллон шұрасын баяу ашу керек. Шұраны ашқан кезде редукторға (манометрге) және құбыржолдың шығатын саңылауына қарсы тұруға жол берілмейді. "Оттегі" немесе "Жақпамайға қауіпті" деген жазу жоқ манометрді пайдалануға жол берілмейді.

194. Баллонды оттегімен толтыру үшін арнайы зарядтау үй-жайы бөлінеді, ондағы ауа температурасы Цельсий бойынша 35 градустан аспауға тиіс. Үй-жайдың электр жабдығы мен телефон аппаратурасы өртке қауіпсіз (ұшқынсыз) болуға тиіс.

Оттегіні айдауды бастау алдында құрал таза шүберекпен кептіріліп сүртіледі, компрессор тексеріліп, жұмысқа дайын болуға тиіс. Оттегі компрессоры 50 пайыз дистиллирленген су мен 50 пайыз химиялық таза глицериннен тұратын су-глицерин

қоспасымен ғана немесе оттегі компрессорын пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көзделген арнайы жақпамаймен ғана майланады.

195. Оттегімен толтырылған баллон ұяшықтармен жабдықталған стеллажда, көлденең немесе тік қалыпта, бір жаққа қаратылған шұрамен сақтау орнында сақталады. Оттегі баллонын сақтау орындары мен оттегі сорғысының үй-жайы тартқыш желдеткішпен жабдықталуға тиіс.

196. Декомпрессиялық камерада тыныс алу үшін оттегіні пайдалану сүңгуірлік түсуді медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын дәрігердің рұқсаты бойынша жүргізіледі. Камерада оттегіні пайдаланар алдында герметикалық электр жылыту қондырғысының ақаусыздығы, жерге тұйықталуы және олардың қорғаныш қаптамасының бүтіндігі, камерада басқа жанғыш заттардың болмауы тексеріледі. Камерада тыныс алу аппаратының оттегі жүйесін қуаттандыру үшін жеткізу оттегі баллонын орналастыруға жол берілмейді. Бөліктердегі оттегі концентрациясы 25 пайыздан аспауға тиіс.

197. Оттегі баллонын, компрессорды, аспапты және басқа да жабдықты ауа үшін пайдаланғаннан кейін оттегі үшін пайдалануға жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі
қызметтердің
(сүңгуірлік қызмет жөніндегі)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша

Сүңгуірлік біліктілікті беруге қойылатын біліктілік талаптары

Р/с №	Сүңгуір біліктілігі	Біліктілік талаптары
1.	3-сыныпты сүңгуір	Тиісті кәсіптік білім беру мекемесінде, бөлімде (ҚР ҚК құрамасында, ұйымында) тиісті бағдарлама бойынша даярлықтан өтуде. Бағдарламада белгіленген су астына түсу санын орындады. Мыналарды зерделеді: сүңгуірлік су астына түсуді ұйымдастыруды; сүңгуірлік жабдық пен қамтамасыз ету құралының барлық түрін, оларды зерттеу бағдарламада көзделген; типтік сүңгуірлік жұмысты орындау тәсілдерін; кәсіби сүңгуірлік ауру себебін, белгісін, алғашқы көмек көрсету және алдын алу тәсілдерін;

		<p>сүңгуірдіңсу астына түсу қауіпсіздігі қағидаларын және авариялық жағдайда сүңгуірге көмек көрсету тәсілдерін; құралмен сүңгуірлік жабдықты су астына түсуге дайындауды және пайдалануды; осы біліктілікке даярлық бағдарламасында көзделген сүңгуірлік жұмысты орындауды; негізгі ақауды жоюды және сүңгуірлік жабдық пен жабдықты алдын ала жоспарлы жөндеуді; декомпрессиялық барокамераға қызмет көрсетуді; сүңгуірлік ауру кезінде сүңгуірге алғашқы көмек көрсетуді.</p>
2.	2-сыныпты сүңгуір	<p>"3-сыныпты сүңгуір" білікті маманы болып табылады. Мыналарды зерделеді: сүңгуірліксу астына түсуді ұйымдастыруды (оның ішінде оқу-жаттығу); сүңгуірлік жабдық пен сүңгуірлік кешенді қамтамасыз ету құралының түрін және оларды пайдалану қағидаларын; сүңгуірлік жұмыс кезінде қолданылатын құралдарды; үлгілік сүңгуірлік жұмысты орындау тәсілдерін; сүңгуірлік істің теориялық негіздерін және сүңгуірліксу астына түсу физиологиясының теориялық негіздерін; кәсіби сүңгуір ауруының себебін, белгісін, оларды емдеуді және алдыналуды; сүңгуірлік жабдық пен жабдықты дайындау тәртібін; 20 метрге дейінгі тереңдікте су астына түсуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету тәртібін; ол су астына түсуге жіберілген тереңдіктегі барлық сүңгуірлік жұмыс түрін; сүңгуірлік жабдық пен қамтамасыз ету құралын ағымдағы жөндеу, карамағында тұрған тыныс алу аппаратын реттеу тәртібін; кәсіби сүңгуір ауруы кезінде алғашқы көмек көрсетуді;</p>

		<p>зиянды заттар мен оттегінің құрамындағы газ қоспасын талдау, сондай-ақ регенеративті заттар мен сіңіргішті талдау тәртібін; декомпрессиялық барокамераға қызмет көрсету тәртібін; бағынысты сүңгуірді жауынгерлік және арнайы даярлау тәртібін.</p>
3.	1-сыныпты сүңгуір	<p>"2-сыныпты сүңгуір" білікті маманы болып табылады. Мыналарды зерделеді: ҚР ҚК жабдықтауындағы сүңгуірлік құралмен сүңгуірлік жабдықтың барлық түрін және оларды пайдалану қағидаларын; сүңгуірлік жұмыста қолданылатын құралдарды; барлық сүңгуірлік жұмыс түрін орындаудың негізгі тәсілдерін; сүңгуірлік істің теориялық негіздерін және сүңгуірлік су астына түсу физиологиясын; кәсіби сүңгуір ауруының себебін, белгісін, емдеу әдістерін және алдыналуды; эксперименттік су астына түсуден басқа, 60 метрге дейін, ал оқу-жаттығуда 20 метрге дейін су астына түсуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету тәртібін; сүңгуірлік жабдық пен қамтамасыз ету құралын жөндеуді ұйымдастыруды; су астына түсуге жол берілген тереңдікте анағұрлым күрделі сүңгуірлік жұмысты орындауды; зерттеу нәтижесі бойынша құжаттама эскизін жасауды және жасауды орындау тәртібін; дәрігер келгенге дейін аурып қалған сүңгуірге көмек көрсетуге және емдік рекомпрессияға басшылық жасауды; газ қоспасын зиянды заттар мен оттегінің болуына талдауды, сондай-ақ регенеративті заттар мен сіңіргішті талдауды; сүңгуірді даярлау бағдарламасы бойынша жеке құрамды сүңгуір ісіне оқытып-үйрету тәртібін; бағынысты сүңгуірмен жауынгерлік және арнайы даярлауды ұйымдастыру тәртібін;</p>

		сүңгуірлік есепке алу-есеп құжаттамасын жүргізу тәртібін.
4.	1-сыныпты сүңгуір – шебер	<p>Мыналарды зерделеді: сүңгуірлік теориясын және сүңгуірлік астына түсу физиологиясы негіздерін; сүңгуірлік жұмысты ұйымдастыру мен жүргізу және сүңгуірлік іс бойынша даярлау жөніндегі басшылық құжаттарды; көршілес елдегі сүңгуір ісінің жай-күйін; ҚР ҚК-ні жабдықтауға қабылданған сүңгуір кешенінің, сүңгуірлік құрал мен жабдықтың барлық түрін және оларды пайдаланудың негізгі қағидаларын ; барлық сүңгуірлік жұмыс түрін және оларды әртүрлі жағдайда орындау тәсілдерін; су астына түсуге жіберілген сүңгуірлік жабдықтың барлық үлгісінде барлық сүңгуірлік жұмыс түрін орындау тәртібін; барлық тереңдікте сүңгуірлік жұмысқа, сондай-ақ күрделі емес құтқару, кеме көтеру, эксперименттік, суасты-техникалық, арнайы жұмысқа басшылық ету тәртібін; сүңгуірлік жұмысты қажетті материалмен қамтамасыз ету бойынша есептеуді, барлық сүңгуірлік жұмыс түріне болжамды техникалық есептеуді орындауды; кәсіби сүңгуір ауруы кезінде сүңгуірге көмек көрсетуді және емдік рекомпрессияны ұйымдастыру тәртібін; сүңгуірлік жабдықты жөндеудің барлық түрін жүргізуді тәртібін; зиянды қоспаның, оттегінің және көмірқышқыл газының қостотығы болуына газ ортасын талдау, сондай-ақ регенеративті заттар мен сіңіргішті талдау тәртібін; есептік-есептік сүңгірлік құжаттаманы жүргізуді тәртібін. 1-сыныпты сүңгуір – шебер сүңгуір бөлімінің (құраманың) сүңгуірлік жұмыс журналында</p>

		және бағынысты сүңгуірдің жеке кітапшасында, бөлімнің (құраманың) сүңгуірлік жұмыс журналында және барлық санаттағы бағынысты сүңгуірдің жеке кітапшасында су астына түсу сағатының есебін және жазбаның дұрыстығын жазады.
5.	дәнекерлеуші сүңгуір (кесуші)	Білікті сүңгуір болып табылады. Арнайы бағдарлама бойынша даярлықтан өтті және тиісті СБК сынағын тапсырды. Мыналарды зерделеді: металды су астында дәнекерлеуге және кесуге арналған аппаратура мен жабдық құрылымы мен пайдалану тәртібін; су астында дәнекерлеу және металды кесу жұмысы кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын; негізгі біліктілікке сәйкес тереңдікте электр дәнекерлеу аппаратурасымен жұмыс істеу және металды су астында дәнекерлеу және кесу тәртібін.
6.	жарушы сүңгуір	Білікті сүңгуір болып табылады. Арнайы бағдарлама бойынша даярлықтан өтті және тиісті СБК сынағын тапсырды. Мыналарды зерделеді: жарылғыш материалдың негізгі қасиеті мен қолдану ерекшелігін; зарядконструкциясын және оларды жасау қағидаларын; су астында жару жұмысына арналған жабдық құрылымын және пайдалану тәртібін; жарылғыш заттармен жұмыс істеу қағидаларын және су астында жару жұмысы кезінде қауіпсіздік шараларын; негізгі біліктілікке сәйкес тереңдікте су астында зарядты орнату тәртібін.
		Арнайы бағдарлама бойынша даярлықтан өтті және тиісті СБК сынағын тапсырды. Мыналарды зерделеді: қысыммен жұмыс істейтін барокамераның, ыдыстардың арналуы мен құрылымы;

7.	барокамера операторы	<p>қысыммен жұмыс істейтін барокамераны, ыдысты күтіп-ұстау және қызмет көрсету қағидаларын;</p> <p>барокамераны техникалық куәландыру тәртібін;</p> <p>қысыммен жұмыс істейтін барокамера мен ыдысты пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын;</p> <p>өрт және электр қауіпсіздігі қағидаларын;</p> <p>өрттің алдын алу мен сөндірудің негізгі құралы мен тәсілдерін;</p> <p>алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдерін;</p> <p>барокамера паспортын, ауысым журналын толтыру тәртібін;</p> <p>барокамераны, қызмет көрсететін құрылғыны, жабдық пен жүйені дайындауды;</p> <p>қысыммен жұмыс істейтін барокамера жүйесі мен құрылғысына қызмет көрсетуді;</p> <p>барокамера жабдығын профилактикалық тексеруді және ағымдағы жөндеуді;</p> <p>төтенше жағдай туындағанда әрекет етуді;</p> <p>қауіпсіздік, электр және өрт қауіпсіздігі талаптарын;</p> <p>алғашқы медициналық көмек көрсету тәртібін;</p> <p>құжаттама жүргізу тәртібін.</p>
----	----------------------	--

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі
қызметтердің
(сүңгуірлік қызмет жөніндегі)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша
Нысан

Мемлекеттік мекеме атауы

Мемлекеттік елтаңба

СҮҢГУІР КІТАПШАСЫ

№ _____

Тегі _____

Аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Берілген күні 20__ жылғы "___" _____

1. Тегі _____

2. Аты, әкесінің аты (бар болса) _____

3. Туған жылы _____ айы _____ күні _____

4. Білімі _____

(жоғары, орта арнайы, жалпы орта, неше сынып)

5. Сұңгуір біліктілігін алғанға дейінгі мамандығы _____

6. Сұңгуірлер мектебін (курсын) аяқтаған күні және атауы _____

7. Су астын сұңғудің белгіленген бастапқы тереңдігі, метр _____

Фотосурет орны Бастық _____

(мектеп, курс атауы)

(қолы)

М.О.

Арнайы оқытудан өту

20__ жылғы "___" _____ бастап 20__ жылғы "___" _____

дейін

мынадай үлгерім бағасымен оқытудан өтті:

1) _____ " _____ "

2) _____ " _____ "

3) _____ " _____ "

4) _____ " _____ "

5) _____ " _____ "

6) _____ " _____ "

7) _____ " _____ "

_____ метр тереңдікке дейін су астында _____ сағат болып

(түсіп) іс жүзіндесу түбіне түсу нормасын орындады.

Сұңгуірлік біліктілік комиссиясы хаттамасының негізінде _____

(комиссияның атауы)

_____ бастығының

(мектеп, курс атауы)

20__ жылғы "___" _____ бастап № _____ бұйрығымен

20__жылғы "___" _____ бастап № _____ біліктілік берілді

Бастық _____

(мектеп, курс бастығының қолы)

М.О.

Қосымша мамандық бойынша оқудан өту

8. 20__жылғы "___" _____ бастап 20__жылғы "___" _____

бойынша

кезінде _____

(ұйым атауы)

жару ісі курсының мынадай үлгерім бағасымен аяқтады:

- | | | |
|----------|---------|---------|
| 1) _____ | " _____ | " _____ |
| 2) _____ | " _____ | " _____ |
| 3) _____ | " _____ | " _____ |
| 4) _____ | " _____ | " _____ |
| 5) _____ | " _____ | " _____ |
| 6) _____ | " _____ | " _____ |
| 7) _____ | " _____ | " _____ |

_____ метр тереңдікке дейін су астында _____ сағат болып

(түсіп) іс жүзіндесу түбіне түсу нормасын орындады.

Сүнгүірлік біліктілік комиссиясы хаттамасының негізінде _____

(комиссия атауы)

_____ бастығының

(мектеп, курс атауы)

20__жылғы "___" _____ № _____ бұйрығымен

20__жылғы "___" _____ бастап № _____ біліктілік берілді

Бастық _____

(мектеп, курс бастығының қолы)

М.О.

9. 20__жылғы "___" _____ бастап 20__жылғы "___" _____

кезінде _____

(ұйымның атауы)

металды су астында дәнекерлеу және кесу курсының мынадай үлгерім бағасымен аяқтады:

- | | | |
|----------|---------|---------|
| 1) _____ | " _____ | " _____ |
| 2) _____ | " _____ | " _____ |
| 3) _____ | " _____ | " _____ |

- 4) _____ " _____ " .
5) _____ " _____ " .
6) _____ " _____ " .
7) _____ " _____ " .

_____ метр тереңдікке дейін су астында _____ сағат болып
(түсіп) іс жүзіндесу түбіне түсу нормасын орындады.

Сүнгүірлік біліктілік комиссиясы хаттамасының негізінде _____

_____ (комиссия атауы)

_____ бастығының

_____ (мектеп, курс атауы)

20__ жылғы "___" _____ № _____ бұйрығымен

20__ жылғы "___" _____ бастап № _____ біліктілік берілді

Бастық _____

_____ (мектеп, курс бастығының қолы)

М.О.

10. 20__ жылғы "___" _____ бастап 20__ жылғы "___" _____

бойынша

кезінде _____

_____ (курс атауы)

курсын мынадай үлгерім бағасымен аяқтады:

- 1) _____ " _____ " .
2) _____ " _____ " .
3) _____ " _____ " .
4) _____ " _____ " .
5) _____ " _____ " .
6) _____ " _____ " .
7) _____ " _____ " .

_____ метр тереңдікке дейін су астында _____ сағат болып
(түсіп) іс жүзіндесу түбіне түсу нормасын орындады.

Сүнгүірлік біліктілік комиссиясы хаттамасының негізінде _____

_____ (комиссия атауы)

_____ бастығының

_____ (мектеп, курс атауы)

20__ жылғы "___" _____ № _____ бұйрығымен

20__ жылғы "___" _____ № _____ біліктілік берілді

Жиыны 20__ жылы су астында болған уақыт _____

(жазумен)

Бастық, басшы _____

(кәсіпорынның, ұйымның атауы)

М.О. _____

(қолы)

Бас (аға) бухгалтер _____

(қолы)

20__ жылғы жұмыс сипаттамасы

11. Сүңгуір жұмысының түрі:

1) авариялық-құтқару _____

—;

2) кеме көтеру _____;

3) суасты-техникалық _____

;

4) кеме _____

—;

5) құтқару _____

—;

6) металды кесу және дәнекерлеу _____

—;

7) жару _____.

12. Қолданылған сүңгуір керек-жарағы:

1) желдетілетін _____

—;

2) тұйық тыныс алу схемасымен _____

—;

3) ашық тыныс алу схемасымен _____

—.

13. Айрықша белгі: _____

Сүңгуір маманы (су астына түсуге жауапты адам) _____

—

—

Мамандығы және қауіпсіздік талаптары бойынша білімін жыл сайын тексеру
Сүңгуірлік техниканы және сүңгуірлік жұмыс пен су астына түсу кезінде еңбек

қауіпсіздігі бойынша басшылыққа алатын нормативтік құжаттама талаптарын білу бойынша сынақ тапсырды. Су астында жұмысты дербес орындауға жіберілді.

(СБК-ның 20__ жылғы " __ " _____ № _____ хаттамасы)

СБК төрағасы _____

(кәсіпорын, ұйым атауы)

_____ (қолы)

сүңгуір маман _____

(кәсіпорын, ұйым атауы)

_____ (қолы)

20__ жылғы " __ " _____

Су түбіне түсудің белгіленген тереңдігі

Жылы	Тереңдігі жазбаша (метрмен)	(Бұйрық күні, №	Дәрігердің қолы
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			
20__ ж.			

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі
қызметтердің
(сүңгуірлік қызмет жөніндегі)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша
Нысан
Бекітемін
Сүңгуірлік жұмыс жетекшісі
2-дәрежелі капитан У. Төлеев
20__ жылғы " __ " _____

20__ ЖЫЛҒЫ _____ арналған (күні, айы) сүңгуірлік су астына түсу ЖОСПАРЫ

1. Түсу орны мен тереңдігі _____

2. Мақсаты (орындалатын жұмыс) _____

3. Су астына түсу командирі _____

4. Дәрігер _____

(медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын адам)

Су астына түсетін сүңгуір	Жабдық	Сақтандырушы сүңгуір	Жабдық
1.		1.	
2.		2.	
3.		3.	
4.		4.	
5.		5.	
6.		6.	

5. Қамтамасыз етуші: байланыста _____
ауа беруде _____

6. Қамтамасыз ететін барокамера _____

7. Сүңгуірді жеткізу құралы _____
(катер, шлюпка, автомашина)

Сүңгуірлік су астына түсу командирі _____

(әскери атағы, Т.А.Ә. (бар болса))

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі
қызметтердің
(сүңгуірлік қызмет жөніндегі)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
4-қосымша

Нысан

Бекітемін

_____ әскери бөлімінің командирі

2-дәрежелі капитан У. Төлеев

20__ жылғы "___" _____

_____ әскери бөлімі сүңгуірлік біліктілік комиссиясының сүңгуірлік жұмысқа басшылық жасауға, сүңгуірлік түсуге, су астына түсуге команда беруге және сүңгуірлік түсуді медициналық қамтамасыз етуге жіберуге 20__ жылғы "___" _____ № _____ шешімі

(сүңгуірлік біліктілік комиссиясының атауы)

20__ жылғы "___" _____

№

_____ бұйрығымен мынадай құрамда тағайындалған:

Төраға _____

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

СБК төрағасының орынбасары _____

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

және СБК мүшелері _____

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

Сүңгуірлік жұмысқа басшылық жасауға, сүңгуірлік түсуге, су астына түсуге команда

беруге, сүңгуірлік түсуді медициналық қамтамасыз етуге жіберуге

_____ қарады (білімін тексерді)

және шешім қабылдады:

_____ метрге дейінгі тереңдікте сүңгуірлік жұмысқа басшылық жасауға, су астына түсудің барлық түрі мен әдісіне, _____ метрге дейінгі тереңдікке сүңгуірлік жабдықтың барлық түрінде тереңдікке су астына түсуге команда беруге және сүңгуірлік түсуді медициналық қамтамасыз етуге жіберілсін.

Сүңгуірлік жұмыстың нақты түрі, сүңгуірлік түсудің түрлері мен әдістері, сондай-ақ сүңгуір жабдығының түрі көрсетіледі.

1. _____

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

2. _____

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

Ескертпе _____

(кім қандай су астына түсуге басшылық жасауға

— жіберілмейтінін және себептері көрсету)

Сүңгуірлік түсудің барлық түрі мен әдісін медициналық қамтамасыз ету және барокамерада жаттығу түсуіне:

1. _____ метрге дейінгі тереңдікке

(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2. _____ метргедейінгі тереңдікке

(әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Ескертпе _____

(кім медициналық қамтамасыз етудің қандай түрлеріне

жіберілмейтінін және себептерін көрсету)

СБК төрағасы _____

(әскери атағы, тегі, инициалы)

СБК төрағасының орынбасары _____

(әскери атағы, тегі, инициалы)

СБК мүшелері: _____

(әскери атағы, тегі, инициалы)

(әскери атағы, тегі, инициалы)

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі
қызметтердің
(сүңгуірлік қызмет жөніндегі)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
5-қосымша
Нысан

_____ әскери бөлімісүңгуірлік біліктілік комиссиясының 20____ жылғы "____" _____
№ _____ хаттамасы

_____ әскери бөлімінің СБК-сыҚазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі
қызметтердің (сүңгуірлік қызмет жөніндегі) жұмысын ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа сәйкес _____ әскери бөлімі әскери қызметшілерінің сүңгуірлік іс және
сүңгуірлік медицина бойынша білімін тексерді.

Бұл реттемынадайбағала алынды:

Р/с №	Әскери атағы, тегі, инициалы	Сұңгуірлік біліктілік	Сұңгуір жарак пен жабдық	Сұңгуірлік қызмет қағидалары	Сұңгуірлік медицина	Су астына іс жүзінде түсу
-------	------------------------------	-----------------------	--------------------------	------------------------------	---------------------	---------------------------

Тұжырым:

1. Сұңгуірдің жеке кітапшасын берумен _____ біліктілігін беру:

1) _____

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

2) _____

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

3) _____

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

4) _____

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

2. _____ біліктілігі расталсын:

1) _____

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

2) _____

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

3) _____

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

4) _____

— (әскери атағы, тегі, аты-жөні)

3. Әскери тәртіпті (қауіпсіздік шараларын) өрескел бұзуды ескеріп, _____ мерзімге _____ біліктіліктен айырылсын (біліктілігі төмендетілсін):

1) _____

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

2) _____

— (әскери атағы, тегі, инициалы)

3) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

4) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

4. _____ метрге дейінгі тереңдікке сүңгуірлік жұмысқа басшылық жасауға жіберілісін:

1) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

2) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

3) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

4) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

5. ___ метрге дейінгі тереңдікке жабдықта сүңгуірлік түсуге команда беруге және ___

—
метрге дейінгі тереңдікке сүңгуірлік түсуді медициналық қамтамасыз етуге жіберілісін:

1) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

2) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

3) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

4) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

6. _____ метрге дейінгі тереңдікке сүңгуірлік түсуді медициналық қамтамасыз етуге жіберілісін:

1) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

2) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

3) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

4) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

7. _____ метрге дейінгі тереңдікке жаракта су астына түсуге жіберілсін:

1) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

2) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

3) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

4) _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

СБК төрағасы _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

СБК төрағасының орынбасары _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

СБК мүшелері: _____

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

—
(әскери атағы, тегі, инициалы)

қызметтердің
(сүңгуірлік қызмет жөніндегі)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
6-қосымша
Нысан

СҮҢГУІРЛІК ЖҰМЫСЖУРНАЛЫ _____ (
корабль атауы немесе әскери бөлім нөмірі)

20 ____ ЖЫЛҒЫ _____ басталды

20 ____ ЖЫЛҒЫ _____ аяқталды

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
Су астына түсу күні	Сүңгуірдің тегі және инициалы	Бұйрық	Су астына түсу орны	Тереңдігі, метр	Жабдықық, аппарат немесе барокamera түрі	Аппарат нөмірі	Баллондағықысым, килограмм шаршыдағы күш/сантиметр	Сүңгуірлік жабдыққа немесе барокamera жұмыс тексеруі туралы сүңгуірдің қолтаңбасы	Су астына түсу алдында сүңгуірден сұрау (медициналық тексеру) нәтижесі	Су астына түсудің басталуы, сағ. мин	Су астына түсудің аяқталуы, сағ. мин.	Су астына түсудің жалпы уақыты, сағ. мин.	Ескертпе

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі
қызметтердің
(сүңгуірлік қызмет жөніндегі)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
7-қосымша

Су астындағы жұмыс сағатының (су астына түсудің) жыл сайынғы нормалары

Р/с№	Біліктілігі	Сүңгуірлік тәжірибе басталғаннан бастап су астына түсу сағатының саны		
1.		200-ден аз	200-500	500-ден астам
	Негізгі сүңгуір біліктілігі			
2.	3-сыныпты сүңгуір	50	45	40
4.	2-сыныпты сүңгуір	35	30	25
5.	1-сыныпты сүңгуір	30	25	20
6.	1-сыныпты сүңгуір – шебер	25	20	15
	Қосымша сүңгуірлік біліктілік			

7.	Дәнекерлеушісүңгуір	Жыл сайын металды дәнекерлеу және кесу бойынша су астында 10 сағат жұмыс істеу (декомпрессия уақытын есепке алмағанда)
8.	жарушы сүңгуір	Зарядты (имитаторды) іс жүзінде орнатумен жылына 6 су астына түсу (жарты жылда кемінде 3 су астына түсу)
9.	барокамера операторы	Токсанына кемінде екі жаттығу

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі
қызметтердің
(сүңгуірлік қызмет жөніндегі)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
8-қосымша

Сүңгуірлік жабдықтың және сүңгуірлік су астына түсуді қамтамасыз ету құралының қалыпты жұмысы бұзылғанда үлгілік әрекет ету тізбесі

Авариялық жағдай сипаты		Әрекеті	
		су астына түсу командирінің	авариялық сүңгуірдің сақтандырушы және қамтамасыз етуші сүңгуірдің
Төмен және орташа тереңдікке жартылай тұйық және тұйық тыныс алу схемасы бар жабдықта түскенде			
Дем шығару түтігі зақымдалған	Сүңгуір баяндағаннан кейін оны су бетіне көтеруді бұйырады	Мүмкіндік болса, ашық тыныс алу режиміне ауысады, зақымдалған түтікті зақымданған жерінен төмен қысып ұстап, су бетіне шығады	
Тыныс алу түтігі зақымданған	Сүңгуірден сигнал алғаннан кейін оны су бетіне көтеру туралы нұсқау береді	Сүңгуір жыртылған жерді қолымен қысып, абайлап баяу дем алады, түтікке су кірмегеніне көз жеткізіп, су бетіне көтеру туралы сигнал береді және өкпе барожарақатын алмау үшін тыныс алуды ұстамай және дем шығармай су бетіне шығады	
Дем шығару қиын (мүмкін емес)	Сүңгуір баяндағаннан кейін оны ашық схема бойынша тыныс алуға ауыстырып, су бетіне көтеру туралы нұсқау береді, қажет болғанда	Су астына түсу командиріне болған оқиға туралы баяндайды, ашық схема бойынша тыныс алуға ауысады (сөмкеден тыныс алу, дулыға астынан дем шығару) және бұл ретте өкпе барожарақаты болдырмау үшін тыныс	

	декомпрессиялық барокамераға орналастырады	алуды тоқтатпай су бетіне шығады	
Ашық тыныс алу схемасы бар жабдықта түскенде			
Дем шығару түтігі зақымданған	Сүңгуірден сигнал алғаннан кейін оны су бетіне көтеру туралы бұйрық береді	Сүңгуір түтікті зақымданған жерінен жоғары қысып, тыныс алуды жалғастырады, шыққанда дем шығару түтігін босатып, су астына түсу командиріне не болғанын хабарлайды және су бетіне шығады	
Дем алу жоқ (түтік немесе дем алушлангісі үзілген), ауа берілмейді	Сүңгуірден сигнал алып, оны су бетіне көтеруге, қажет болғанда медициналық көмек көрсетуге команда береді	"Дабыл" сигналын береді, жүк бар белдікті тастайды (қажет болғанда аппарат та), аузынан тыныс алу түтігін алып, өкпе барожарақатын алмау үшін дем шығаруды ұстамай, су бетіне шығады. Шығарылатын ауа көпіршігінің жылдамдығымен қалқып шығады	
Гидрокомбинезон зақымданған	Сүңгуірдіңсу бетіне өздігінен немесе сигнал арқанымен көтерілу туралы нұсқау береді	Гидрокомбинезонға судың кіруі жүзуге кедергі келтіруге әкелетіндіктен, ол дереу су бетіне жүзіп шығып, судан шығады. Егер бұл орын алса, көтерілу сигнал арқанымен жүзеге асырылады	

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі
қызметтердің
(сүңгуірлік қызмет жөніндегі)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
9-қосымша

Сүңгуірмен шартты байланыс сигналы

Р/с №	Сигнал	Сигнал мәні	
		сүңгуірге	
		сүңгуірден	сүңгуірден
		Ашық, тұйық және жартылай тұйық тыныс	Ашық, тұйық және жартылай тұйық тыныс

		Желдетілетін жабдықта түскенде	алу схемасы бар жабдықта түскенде	Желдетілетін жабдықта түскенде	алу схемасы бар жабдықта түскенде
1.	Бір рет тарт	Өзіңді қалай сезінесің? Қайтала! Өзіңе шланг кабелін таңда		Мен жердемін. Өзімді жақсы сезінемін. Шланг кабелінің босаңсуын таңда. Қайтала	
2.	Екі рет тарт	Скафандрды желдет	Қапшықтағы газ қоспасын ауыстыр. Ауа (газ қоспасы) қорын тексер	Көбірек ауа!	Мен сөмкедегі газ қоспасын ауыстырамын. Мен ауаның (газ қоспасының) қорын тексердім, калыпты
3.	Үш рет тарт	Көтерілуді бастаймыз. Жоғарыға шық (сигналды қайталау сүңгуірді дереу жоғары көтеруге міндеттейді)		Жоғары көтер! Жоғарыға шығамын	
4.	Төрт рет тарт	Аз ауа береміз		Ауа аз!	
5.	Жиі жиырылу (төрт реттен көп)	-	-	Дабыл! Өзімді нашар сезініп тұрмын! Тез көтер!	
6.	Бір рет шайқа	Токта! Төмен түсуді (көтерілуді, қозғалысты) тоқтат!		Токта! Төмен түсуді (көтеруді) тоқтат!	
7.	Екі рет шайқа	Түсуді (қозғалысты) жалғастыр. Тура жүр		Түсуді жалғастыр. Шланг кабелін жина!	
8.	Үш рет шайқа	Орнында тұр! Екінші сүңгуірді түсіреміз		Шырмалып қалдым. Екінші сүңгуірдің көмегінсіз шыға алмаймын	
9.	Бір рет тарт және шайқа	Оңға қарай жүр		Оңға қарай жүремін	
10.	Екі рет тарт және шайқа	Солға бар		Солға қарай жүремін	
11.	Бір рет тарт және тартып ал	Құралды береміз		Құралды бер	
12.	Екі рет тарт және тартып ал	Арқанды береміз		Арқанды бер	
13.	Тарт, шайқа және тартып ал	Қосалқы сигнал			

Ескертпе:

1. Шартты сигналды беру үшін сигнал арқанының босаңсуын таңдау керек, ал содан кейін сигнал арқанының осі бойымен қатты тартпай, сигналды анық беру керек.

2. Сүңгуірді кідіріссіз көтеретін дабылды қоспағанда, әрбір сигнал оны бергенге міндетті түрде үйретіледі.

3. Су астындағы қозғалыс бағытын жұмыс істейтін сүңгуір сигнал арқанына бағдарланып таңдайды: "тура жүр" – қамтамасыз етуші сүңгуірден сигнал арқанының бағыты бойынша, "оңға жүр" және "солға жүр" – перпендикуляр бағытта.

4. Авариялық жағдайда сигналды сигнал арқаны (шланг-кабель) бойынша беру мүмкін болмағанда және телефон байланысы болмағанда авариялық сүңгуірге дыбыстық сигнал беру керек. Дыбыстық сигнал металл затты металға соғу арқылы беріледі (мысалы: сүңгуір трапына), бір соққы "тарт" сигналына сәйкес келеді, ал қосарланған соққы "шайқа" сигналына сәйкес келеді. Осындай сигналды авариялық сүңгуір береді.

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріндегі
қызметтердің
(сүңгуірлік қызмет жөніндегі)
жұмысын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
10-қосымша

Сүңгуірлік түсуді қамтамасыз ететін кейбір құралға қойылатын талаптар

1. Сүңгуірліктрап.

Сүңгуірліктрап конструкциясы мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) трапты жұмыс күйіне орнату кезінде сатының көлденең орналасуын;
- 2) корабль бортынан трап сатысының қашықтығы кемінде 20-25 сантиметрді;
- 3) тайғақ емес және кірден, қардан және мұздан тазартуға ыңғайлы саты бетін;
- 4) трапты 20-30 градус тігінен бұрышпен орнатуды (аяққа киетін ескегі бар жүзу жабдығында су астына түсу үшін – 10-15 градус);
- 5) трапты алаңға немесе корабль бортына бекітуді; ол траптың өздігінен сырғып кету немесе құлау мүмкіндігін болдырмайды;
- 6) траптан шыққанда (трапқа кірегенде) қолмен тұтқаны немесе траптың сым арқанын ұстау мүмкіндігін.

Баспалдақтың барлық ұзындығы бойынша, ал аяққа киетін ескегі бар жабдықта су астына түскенде ортада траппен қозғалу және траптан шығу (трапқа кіру) кезінде қолмен ұстауға ыңғайлы бір қатты сым арқанның болуына жол беріледі.

	Боты (галлош) бар жабдық үшін, миллиметр	Аяққа киетін ескегі бар жабдық үшін, миллиметр
Траптың ілініп тұрғанда өлшенген суға бататын бөлігінің ұзындығы	2000	1500
Ені	500	60-80
Сатының ашық ені	120-160	----
Саты арасындағы аралық	240	250-280
Ілініп тұрғанда өлшенген алаң (палуба) үстіндегі тұтқаның биіктігі	900-1200	----

Ілініп тұрғанда өлшенген су үсті бөлігінің алаңға (палубаға) дейінгі биіктігі, артық емес	2000	3000
Сым арқан шетінен бір жаққа саты ұзындығы	----	200
Көлденең беттен сатының жоғары қарай еңісі	----	3– 5 градус

2. Сүңгуірліксу астына түсу күркесі

Күркеконструкциясы мыналарды көздейді:

1) бір сүңгуіргеөлшемі кемінде 800x800 миллиметр тайғақ емес беті және судың еркін өтуі үшін саңылауы (саңылауы) бар алаңды;

2) биіктігі кемінде 1100 миллиметр үш көлденең шыбықпен және биіктігі кемінде 100 миллиметр төменгі бөлігі бұралған сым арқанды қоршауды;

3) күркені бекіту үшін арналған биіктігі 1900-2000 миллиметр сым арқанды қоршау тіреуі;

4) корабльдің корпусына немесе суасты объектілеріне кездейсоқ соғылу кезінде сүңгуірдің қолын жарақаттап алу мүмкіндігін болдырмайтындай орналасатын қосымша тұтқа;

5) әрбір сүңгуірге арналған орындық;

6) сүңгуірді дулығадан бекітуге арналған құрылғы – су астында өз бетінше "бекіту".

Сым арқанның қоршауы бір жағынан ашылады. Ашылатын жақтан басқа, сым арқанды қоршауды шынжыр мен болат арқаннан жасауға жол берілмейді.

3. Декомпрессиялық сүңгуірлік күрке

Күрке конструкциясы шеңбер ұзындығы кемінде 60 миллиметр, жалпы алғанда арқанның үзілу жүктемесі кемінде 500 килограмм күш болатын өсімдік арқанының екі тармағын және қалыңдығы кемінде 25 миллиметр, ені кемінде 115 миллиметр, ұзындығы 800-1000 миллиметр бірінші сұрыпты қатты ағаштан жасалған басқыштың болуын көздейді. Күркенің төменгі бөлігіне салмағы кемінде 30 килограмм балласт бекітіледі. Өсімдіктен жасалған арқанмен су астына түсуде әрбір 3 метр сайын таңба қойылады.

4. Жұмыс істейтін сүңгуірлік күрке

Жұмыс істейтін сүңгуірлік күрке екі-үш сүңгуірді орналастыруды қамтамасыз етеді. Су астына түсетін сүңгуірлік күрке құрамында көзделген элементтерге қосымша мыналар орналасады:

1) жұмысты орындау орнына күркені сенімді бекітуге арналған құрылғы (кемінде екеу);

2) сүңгуір құралын орналастыруға арналған көлемі кемінде 800x800 миллиметр алаң.

5. Су астына түсу арқаны

Су астына түсу арқаны:

1) шеңберінің ұзындығы кемінде 60 миллиметр және жалпы күші кемінде 500 килограмм түрінде арқанның үзілу жүктемесі 75 миллиметрден аспайтын өсімдік немесе синтетикалық арқаннан жасалады;

2) суға тигенде беріктігін сақтайды;

3) Цельсий бойынша минус 55-тен плюс 40 градусқа дейін температурада механикалық қасиетін сақтайды;

4) әрбір 3 метр сайын таңбаланады;

5) су астына түсу арқанына бекітілген массасы кемінде 30 килограмм балласт болады.

6. Жүретін арқан

Жүретін арқан:

1) шеңберінің ұзындығы кемінде 30 миллиметр өсімдік немесе синтетикалық арқаннан жасалады;

2) қолға ұстауға ыңғайлы болу үшін шығыршық-ілгекболуы.

7.Сигнал арқаны

Сигнал арқаны:

1) шеңберінің ұзындығы кемінде 30 миллиметр өсімдік немесе синтетикалық арқаннан дайындалады;

2) әрбір 3 метр сайын таңбаланады;

3) сүңгуірге бекітуге арналған құрал (карабин, шығыршық-ілгек) болады.

8.Бақылау ұшы.

Бақылау арқаны:

1) шеңберінің ұзындығы кемінде 20 миллиметр өсімдік немесе синтетикалық арқаннан жасалады;

2) жүзгіштігі күші бойынша кемінде 5 килограмм қалтқы болады;

3) әрбір 3 метр сайын таңбаланады.

Бақылау арқанының ұзындығы сүңгуірдің жүзу аймағының тереңдігінен 20 пайыздан астам.

Барлық қолданылатын арқанды басқа әдіспен өрілген немесе біріктірілген арқаннан жасауға жол берілмейді.

9. Шланг-кабель.

Шланг-кабель:

1) Мықты кендірден жасалған бензельдің көмегімен сүңгуірге тыныс алу газ қоспасы мен ыстық су беретін шлангіні, сондай-ақ байланыс және жарық беру кабелін бір байламға мықтап бекітеді;

2) әрбір 3 метр сайын таңбаланады;

3) жабдыққажалғанатын ұшынан 5, 10, 15 метр аралықта бекіту сақинасы болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК